

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

2022 жылғы 5 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Жуырда Алматы облысынан Сенат депутаты болып Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлы сайланды және Орталық сайлау комиссиясында тіркелді.

Жанболат Әкебайұлы, сізді сенатор болып сайлануыңызбен құттықтаймыз. Депутаттық қызметіңізге толағай табыс тілейміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Конституциялық нормаларға сәйкес жаңадан сайланған депутат Палата отырысында ант береді. Сондықтан ант беру рәсіміне көшейік.

Ант беру үшін мінбеге Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлы шақырылады.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндетін адал атқаруға ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанболат Әкебайұлы. Алдағы жұмысыңызға сәттілік тілейміз. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі екінші мәселесі Сенат депутаты Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы.

Жанболат Әкебайұлы Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің құрамында қызмет етуге өтініш білдірді. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлын Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің мүшесі етіп сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде. Заң жобасын Парламенттің бір топ депутаты әзірледі.

Бастамашы топтың атынан баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Назарларыңызға «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы енгізіледі.

Өздеріңізге белгілі, 1995 жылы қабылданған бұл конституциялық заңға осы жылдарда өзгеріс енгізілген жоқ. Парламент депутаттары ұсынып отырған бұл жоба «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 3-тармағына сәйкес заң терминологиясы және заң техникасына байланысты Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бастамашылық жасап отырған республикалық референдумды өткізу кезінде пайдаланылатын бюллетень нысандарын сайлауда қолданылатын сайлау бюллетеньдерімен біріздендіру мақсатында әзірленді.

Мынадай түзетулер қарастырылған:

Біріншіден, қазіргі «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы бойынша дауыс беру бюллетенінде келіспейтін вариант сызылып тасталады, ал қалыптасқан тәжірибеде сайлаушы өзі таңдауын белгілейді, яғни «сызып тастау» деген сөз тіркесін «белгілеу» деген сөзбен ауыстыру ұсынылады. Бұл 28-баптың 1 және 2-тармағына енгізілетін өзгерістер.

Екінші өзгеріс референдумда дауыс беруге байланысты 29-бапты нақтылау мақсатында екінші абзацпен толықтырылып отыр. Азамат дауыс берген кезде өзі дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос торға кез келген белгіні қояды. Бұл норма да соңғы бірнеше жылда сайлауда қолданысқа ие.

Түзетулер заң техникасы деп қарастырылғанмен республикалық референдум өткізу кезде дауыс беру, дауыстарды санау, оның қорытындысын шығару процесінде нақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды болмақ.

Заң жобасын қабылдау теріс экономикалық-құқықтық салдарға әкелмейді және республикалық бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздемейді.

Баяндалғанды ескере отырып, «Республикалық референдум туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, баяндамашыға сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Жаңылысқызы. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Референдум – это важнейший демократический институт, который за всю историю независимого Казахстана будет применяться в третий раз.

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев подчеркнул: «Проведение референдума – это показатель особого проявления народной власти, благодаря которому вопросы, касающиеся наиболее важных аспектов жизни общества, будут напрямую решаться путем всенародного голосования».

Конституционный закон «О республиканском референдуме» был принят в 1995 году. Наше законодательство за этот период претерпело ряд изменений, направленных на улучшение содержания законодательных актов. Однако в связи с тем, что некоторые нормы конституционного закона устарели, положения должны содержать конкретный и не подлежащий различному толкованию смысл в соответствии с пунктом 3 статьи 24 Закона «О правовых актах».

Законопроект предусматривает изменения по правилам признания бюллетеней недействительными при подведении итогов республиканского референдума. Кроме того, уточняется процедура голосования гражданином при реализации его права на участие в референдуме.

При этом в ходе обсуждения законопроекта возникла необходимость внесения дополнения в одобренный Мажилисом законопроект. Поправка вносится в статью 3 Конституционного закона «О республиканском референдуме».

В связи с необходимостью уточнения вопросов, которые в силу общественно-политического значения не могут быть предметом республиканского референдума, предлагается внести соответствующую поправку в статью 3 Конституционного закона «О республиканском референдуме». Предложение отражено в сравнительной таблице.

В этой связи от имени комитета вношу предложение – рассмотреть сравнительную таблицу и в соответствии с пунктом 5-1 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендовать Сенату направить в Мажилис Парламента изменения в проект Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнения в Конституционный закон Республики Казахстан «О республиканском референдуме».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге бір түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетуді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетуді бас комитеттің ұсынысымен дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзету қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан

Республикасы Конституциялық заңының жобасына Сенат енгізген түзету Мәжіліске жіберіледі.

Бұл мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі екі мәселе биылғы республикалық бюджетті нақтылауға арналған. Бұл мәселелер бойынша Сенат отырысына Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк Төрағасы және ұлттық компаниялардың басшылары қатысып отыр.

Бас комитет екі заң жобасын бірге қарауды ұсынды. Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірге қараймыз.

Алдымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақтар мен жауаптарға көшсек, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса баяндамаларды тыңдайық.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2022 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер мен бюджеттік параметрлер болжамын нақтылау енгізіліп отыр.

Макрокөрсеткіштердің болжамы сыртқы экономикалық жағдайды, әлемдік экономиканың дамуын бағалауды, сонымен қатар мұнай нарығындағы үрдістерді ескере отырып нақтыланды. Мәселен, жыл басынан бері ел экономикасының өсуінің оң серпіні байқалған. Жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны қаңтар-ақпан айларда 3,5 пайызды құрады.

Жыл басынан бері мұнайдың орташа бағасы барреліне 98 АҚШ долларын құрады. Бұл ретте дүниежүзілік қаржы ұйымдарының 2022 жылы мұнай бағасы бойынша болжамы 74 АҚШ долларынан 105 АҚШ долларына дейін қалыптасуда. Осыған байланысты макрокөрсеткіштерді нақтылау кезінде мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне 90 АҚШ доллары деңгейінде айқындалды.

S&P агенттігі 2022 жылы әлемдік экономикалық өсу болжамын 4,2 пайыздан 3,6 пайызға дейін төмендетті.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, ел экономикасының өсу болжамы 3,9 пайыздан 2,1 пайызға дейін төмендеді. Бұл ретте номиналды жалпы ішкі өнім 91,5 триллион теңге көлемінде бағалануда, бұл мақұлданған болжамнан 4,5 триллион теңгеге жоғары.

Өңдеуші өнеркәсіптегі болжамды көрсеткіштер әлемде протекционизмнің күшеюіне және тарифтердің өсуіне байланысты металлургиядағы өндіріске шектеу қою салдарынан 3,5 пайыздан 2,9 пайызға дейін төмендетілді. Құрылыста өсім бұрын мақұлданған деңгейде сақталады (3,8 пайыз).

Ақпаратпен байланысты ақпараттық қызметтерге сұраныстың төмендеуі салдарынан болжам 8,3 пайыздан 5 пайызға дейін төмендетілді.

Ұлттық Банкінің болжамы бойынша экспорт 72,2 миллиард АҚШ долларына дейін өседі, импорт 40,2 миллиард АҚШ долларын құрайды, инфляция 8-10 пайыз аралығында анықталады.

Түзетілген макроэкономикалық болжамның негізінде бюджет кірістері бойынша болжам нақтыланды. Республикалық бюджеттің кірістері 2022 жылы 10,2 триллион теңге көлемінде бағаланады, бұл бекітілген жоспардан 955 миллиард теңгеге жоғары.

Кірістерге қатысты негізгі ұлғаю мұнайға болжамды бағаның ұлғаюы және АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі аясында баж мөлшерлемесінің артуы есебінен мұнайға экспорттық, кедендік баж бойынша, сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуі есебінен корпоративтік табыс салығы бойынша күтілуде.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшері 4 триллион теңгеге дейін немесе 1,6 триллион теңгеге ұлғайтылады.

Қаражат Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыруға бағытталатын болады.

2022 жылы бюджет тапшылығын 2,9 триллион теңге немесе жалпы ішкі өнімге қатысты 3,3 пайыз деңгейінде айқындау ұсынылады. Дефицит көлемі өзгермеді.

Республикалық бюджеттің шығыстарын түзетілген көлемге қатысты 2,7 триллион теңгеге ұлғайта отырып, 18,8 триллион теңге көлемінде айқындау ұсынылады.

Қорытындылай келе, 2022 – 2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде 2022 жылға арналған макрокөрсеткіштер мен бюджеттік параметрлердің болжамын нақтылау, бірінші кезекте Мемлекет басшысының тапсырмалары мен қабылданып жатқан шұғыл және жүйелік сипаттағы құжаттардың негізгі бағыттарын іске асыруға бағытталған.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлібек Сәкенұлы. Орныңызға отырыңыз.

«2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Құрметті Мәулан Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы заң жобасы ұсынылып отыр. Заң жобасын Парламент Мәжілісі мақұлдады. Ағымдағы жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлері келесідей қалыптасып отыр.

Бюджет түсімдері 2,7 триллион теңгеге ұлғая отырып, 15,8 триллион теңгені құрайды.

Тапшылық жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) 3,3 пайыз деңгейінде сақталды.

Республикалық бюджеттің шығыстары 18,8 триллион теңге көлемінде жоспарланып отыр.

Шығыстардың қосымша ұлғаюы 2,7 триллион теңгені құрайды және келесі басым бағыттарға көзделген.

1. Президенттің тапсырмаларын іске асыруға 1,8 триллион теңге қарастырылған.

Бұл күш құрылымдары мен төтенше жағдайлар органдарының жауынгерлік әзірлігі мен жаратандырылуын күшейтуге, өңірлер мен бизнесті қолдауға, халықтың табысын арттыруға, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономиканы диверсификациялауға арналған шығыстар.

2. Макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты 173 миллиард теңге сомасында қосымша қаржы қарастырылды.

Аталған қаражат есебінен әлеуметтік шығыстар индекстеледі және теңгенің долларға қатысты бағамының өзгеруіне байланысты шығындар қаржыландырылатын болады.

3. Бағдарламалық құжаттардың іс-шараларын және шұғыл міндеттемелерді орындауға 476 миллиард теңге бағытталады.

Бюджетті нақтылау нәтижесінде нақты сектор мен өңірлерді қолдау күшейтіледі. Бұны бюджет шығыстарының құрылымы көрсетіп отыр, яғни шығыстар өсімінің басым бөлігі экономиканың нақты секторын қолдауға көзделген. Бұл – 1,3 триллион теңге. Тиісінше шығыстардың жалпы көлеміндегі осы бағыттың үлесі 5 пайыздан аса ұлғайды. Нәтижесінде аталған салаға арналған шығыстар 3,4 триллион теңге немесе жалпы шығыстардың 18 пайызы мөлшерінде жоспарланып отыр.

Осындай ынталандыру орта мерзімде елдің дамуына оң мультипликативтік әсер етеді.

Әлеуметтік блоктың шығыстары 581 миллиард теңгеге ұлғайтылды және 8,6 триллион теңге немесе бюджеттің жалпы шығыстарының 46 пайызы деңгейінде жоспарлануда.

Қосымша қаражат әлеуметтік төлемдерді индекстеуге, медициналық көмек көрсетуге, еңбек нарығын дамытуға және жастарды қолдауға бағытталатын болады.

Күш құрылымы шығыстары 446 миллиард теңгеге өсіп, 2,2 триллион теңге сомасында жоспарланған.

Жалпы көзделген шығыстардың 30 пайызға жуығы нысаналы трансферттермен өңірлерге берілетін болады. Олардың жалпы сомасы 818 миллиард теңге болса, оның ішінде дамуға арналған трансферттер 475 миллиард теңгені құрап отыр.

Нақтылауды ескере отырып, өңірлерге республикалық бюджеттен жалпы шығыстардың 5,5 триллион теңгеден астамы немесе 29,3 пайызы бағытталатын болады.

Құрметті депутаттар! Сенат комитеттерінің отырыстарында заң жобасы егжей-тегжейлі қарастырылды, сіздер әлеуметтік маңызы бар және көкейтесті мәселелерге ерекше назар аудардыңыздар.

Заң жобасын қарау кезінде бірлесіп жүргізген нәтижелі жұмыс үшін сіздерге алғыс білдіремін.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Еліміздегі ақша-кредит саясаты туралы баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Пірматов Ғалымжан Олжаұлына беріледі.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Биыл макроэкономикалық ахуал геосаяси жағдайдың нашарлауы мен әлемдік қаржы, тауар нарықтарындағы құбылмалылықтың артуы аясында дамуда. Геосаяси шиеленіс себебінен тауар жеткізу проблемалары күрделеніп, әлемде инфляциялық қысым күшеюде. Осыған байланысты Халықаралық валюта қоры жаһандық инфляцияның жоғары деңгейі алдыңғы болжаммен салыстырғанда ұзағырақ сақталады деп күтуде.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (ҰАО) қадағалайтын әлемдегі азық-түлік бағасы индексі 1990 жылдан бастап ең жоғары көрсеткішке жетті. Азық-түліктің әлемдік бағасы биыл да, 2023 жылы да жоғары деңгейде қалады деп күтілуде.

Азық-түлік, шикізат, жанар-жағар май, газ бағасының қымбаттауы аясында Еуроодақ пен АҚШ-тағы инфляция көп жылдық рекордты көрсетуде, ал Ресейде инфляция 16,7 пайызға жетті. Мұндай жағдайда дамыған елдер ақша-кредит талаптарын күшейтуде, бұл дамушы елдердің валюталарына қысым жасайды. Осыған байланысты Қазақстан үшін сыртқы инфляциялық жағдай қолайсыз болып қалыптасуда.

Ішкі экономикадағы жағдай оң болып отыр. Биылғы жылғы бірінші тоқсанда жалпы ішкі өнімнің өсуі 4,4 пайызға бағаланды. Экономиканың 2021 жылы 4 пайызға артып, пандемияға дейінгі деңгейге оралғанын атап өткен жөн. 2022 жылғы наурызда тауар айналымының өсуі жылдық мәнде 3,7 пайызға дейін жеделдеді.

Қазақстанда тұтынудың өсуі инфляцияға қысым көрсетуде. Инфляция осы жылғы сәуірде 13,2 пайызға дейін жетті. Азық-түлік тауар бағасы ең көп өсіп, 17,9 пайызға артты. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі 11,1 пайызға, ақылы қызметтер бағасының өсуі 8,9 пайызға дейін жеделдеді.

Проинфляциялық қысымның өсуі аясында Ұлттық Банк дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуде.

2022 жылғы 24 ақпанда Ұлттық Банк геосаяси жағдайдың нашарлауына байланысты қаржылық және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін базалық ставканы 13,5 пайызға дейін көтерді. Базалық ставка көтерілгеннен кейін ақпанда халықтың теңгедегі салымдары бойынша Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұсынатын шекті ставкалар да көтерілді. Сонымен қоса Үкіметпен бірлесіп жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтемақы төлеуді көздейтін Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы жарияланды.

Ұлттық Банк 25 сәуірде экономиканың, ішкі және сыртқы сұраныстың оң серпіні кезінде жалғасып отырған фискалдық ынталандыру аясында, сонымен қатар әлемдегі және Қазақстанның сауда әріптес елдеріндегі бағаның өсуі аясында инфляциялық қысымның және инфляциялық күтулердің артуы жағдайында базалық ставканы 14 пайызға дейін көтерді.

Инфляцияға қарсы жұмысты күшейту үшін Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп биылғы жылғы ақпаннан бастап 2022 – 2024 жылдарға арналған Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі жаңартылған шаралар кешенін іске асыруда.

Ұлттық Банк теңге бағамының күрт өзгеруін және оның инфляцияға әсерін шектеу шараларын қабылдауда. Кейбір күндері валюталық интервенциялар да жүргізді. Бұл туралы ақпарат жедел түрде жарияланып отырды.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валютаны сату көлемін ұлғайту мақсатында олардың жалпы валюталық түсімінің міндетті сату мөлшері 50 пайыздан 75 пайызға дейін ұлғайтылды.

Ұлттық валютаның орнықтылығын қамтамасыз ету, капиталды шығаруға жол бермеу және алыпсатарлық сұранысты төмендету үшін бірінші кезектегі дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде трансшекаралық қаржы операцияларын бақылау шаралары күшейтілді, валюта мен алтынды әкетуге шектеу қойылды.

Қолма-қол шетел валютасының ішкі нарығындағы жағдайды қалыпқа келтіру шаралары қабылданды. Халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін қолма-қол шетел валютасы жеткілікті мөлшерде әкелінді.

Қабылданған шараларға байланысты ішкі валюта нарығындағы жағдай тұрақтануда. Геосаяси жағдайдың нашарлауына байланысты жаһандық қаржы, тауар

нарықтарында бұрын-соңды болмаған өзгерістер аясында теңгенің бағамы биылғы жылғы 15 наурызда ең жоғары 512,17 теңгеге дейін әлсіреп, сәуірдің қорытындысы бойынша 445,62 теңгеге дейін нығайды.

Қазіргі уақытта сұраныс пен ұсыныс теңестіріліп тұр.

Құрметті депутаттар! Ұлттық Банк басты мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ақша-кредит саясатын іске асыруды жалғастырады.

Геосаяси шиеленіс аясында Ұлттық Банк жағдайдың дамуын, оның нарықтарға ықпалын қадағалауда және Ресейге қарсы санкциялардың Қазақстанның қаржы жүйесіне әсер ету дәрежесін күнделікті бағалап отыр. Ұлттық Банк қаржылық тұрақтылықты қолдау үшін уақытылы шаралар қабылдауды жалғастырып отырады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалымжан Олжаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшейік.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық Банк Төрағасы мен Ұлттық экономика министріне жолданады.

Үкіметтің болжамына сәйкес 2022 жылға арналған инфляциялық дәліз 8-10 пайыз шегінде айқындалған. Сонымен қатар Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша тұтыну бағаларының индексі 2022 жылдың бірінші тоқсанында 9,8 пайызды, ал жылдық мәнде 12 пайызды құрады. Ал 19 атауды қамтитын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жылдық инфляциясы 2022 жылғы 22 сәуірдегі жағдай бойынша 20,7 пайызға жетті. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 10,2 пайызға жоғары.

Халық үшін азық-түлік инфляциясының көрсеткіші неғұрлым айқын, сондықтан бағаның өсуін тежейтін нақты жұмыс істейтін тетіктер қажет.

Бізде инфляциялық дәлізді берілген шекте, яғни 8-10 пайыз шегінде ұстап тұруда үлкен күмән бар. Шынында да инфляция болжамын анықтамас бұрын оның барлық компоненттерін, оның ішінде тұтыну бағалары индексінің азық-түлік және азық-түлік емес бөліктерін талдау қажет. Инфляцияның әрбір құрамдас бөлігі бойынша да Үкіметте болжам болуы тиіс.

Сұрақ:

1. Үкіметтің 2022 жылға арналған азық-түлік инфляциясы туралы болжамы қандай?

2. Бағаның өсуін тежейтін қандай тетіктер бар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, сіз бастаңыз, содан кейін Ғалымжан Олжаұлы жауап береді.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Сұрағыңызға рақмет.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда осындай глобалдық трендтер болып жатыр, инфляция қысымының рекордтық көрсеткіші болып жатыр.

Енді болжам туралы айтсақ, Үкімет пен Ұлттық Банк нақты болжамды қоймайды, тек дәлізге қояды. Сол себептен бюджетті нақтылау кезінде макроэкономикалық көрсеткіштерді нақтылағанда инфляция дәлізі 4 пайыздық тармаққа, яғни 8-10 пайызға өсті.

Нақты шараларға көшсек, қазіргі таңда Ұлттық Банк Төрағасы айтқандай, қаңтар айында кешенді жоспар қабылданды, ол 67 шарадан тұрады. Оның ішінде оперативтік және жүйелі шаралар бар, онда әлеуметтік маңызы бар тауарларды бақылау және оның 15 пайызының надбавкасы болмау үшін мониторинг жасалып жатыр. Сондай-ақ тағы басқа да жүйелі шаралар бар, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында осы бір-екі жылдың ішінде тиісті агрообъектілерді салу көзделіп отыр. Сондықтан 8 пайыз немесе 100 пайызға дейін барлық қажеттіліктерді жабу үшін осындай нақты шаралар қабылданып жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғалымжан Олжаұлы, жауап берсеңіз.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Рақмет.

Ақша-қаражат саясатын жүргізу аясында Ұлттық Банк жылына төрт рет күрделі болжам жасайды. Базалық мөлшерлеме бойынша біздің келесі шешіміз 6 маусымда жарияланады. Ұлттық Банк сол шешімнің аясында кезекті күрделі болжамды дайындайды. Сол кезде биылға және келесі жылдың жартысына дейінгі нақты инфляциялық болжамды жария етеміз. Жаңа айтылған 8-10 пайыз дәлізді біз Үкіметпен бірге қолдадық.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, Төраға.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары Тоғжановқа.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Мемлекет басшысының биылғы өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы бірінші тапсырмасы халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту болатын.

Қаралып отырған нақтыланған республикалық бюджетте әлеуметтік төлемдерді индекстеуге арналған қосымша шығыстың көлемі 117 миллиард теңге деп көрсетілген. Осылайша әлеуметтік сала шығыстары ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап қосымша 4 пайызға индекстеледі және соның ішінде зейнетақы төлемдері де бар. Алайда бұл қаражат 1 миллионға жуық адамның табысының ең төменгі күнкөріс деңгейін қаншалықты көтеруге мүмкіндік береді?

Мәселен, зейнетақыны 4 пайызға өсіреміз, сонда 40-50 мың теңге зейнетақы 2 мың теңгеге дейін ғана өседі, ал 300-400 мың теңге зейнетақы 16 мыңға дейін өседі екен. Сонда теңсіздікті қалай азайтамыз?

Осыған орай сұрақ. Нақтыланған бюджетте халықтың табысын арттыруға және теңсіздікті барынша азайтуға бағытталған қандай іс-шаралар қарастырылған, сондай-ақ оларға қанша қаражат бөлу жоспарлануда?

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ералы Лұқпанұлы, жауап берсеңіз.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өздеріңіз жаңа айтқандай, Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес халықтың табысын арттыруға бағытталған арнайы бағдарлама қабылданды. Ол Үкіметтің қаулысымен бүгінде бекітілді. Бұл бағдарламаға бөлінген қаражат биылға жоспарланған 197 миллиард көлемінде. Нақты іс-шараларға байланысты шешімдер қабылданды, оның ішінде тікелей табысты көтеру үшін бюджеттік мекемелерге 1 миллионға жуық, оның ішінде бюджеттік салада қызмет жасайтын 850 азаматтың жалақысы көтеріледі, ал квазисектордан 250 мыңға дейін. Өткенде өздеріңіз байқаған шығарсыздар, «Самұрық-Қазына» АҚ-дағы үлкен отырыста сол цифрларды нақтыладық, сонымен қатар мемлекеттен тікелей көмек алатын ірі компаниялармен бірге қарым-қатынас жасай отырып, 2,8 миллион азаматқа да нақты көмектер көрсетіледі.

Бұл жерде басқа да қосымша негіздемелер бар. Ең алдымен 42 мың азаматқа өз істерін ашу үшін арнайы микрокредиттер бөлінеді. Сондай-ақ жастар практикасы мен алғашқы жұмыс орнына бағытталған нақты шаралар арқылы 45 мың жас азаматқа да қаражаттар бөлінеді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында жерлерді қолданысқа енгізу арқылы, суармалы жерлерді көбейту арқылы 48-50 мыңның айналасындағы отбасыға нақты көмек көрсетіліп отыр. Бұлардың бәрі үлкен бағдарламаның айналасында жүргізіліп отыр. Сөз жоқ, бұл жерде әлеуметтік топтар да нақты көрсетілген. Оның ішінде көпбалалы аналар, мүгедек балалары бар аналар да арнайы осы жоспарда көрсетіліп отыр, осындай жағдайда жүрген 20 мың әйел азаматты жылына жұмысқа тұрғызу үшін осындай міндеттемелер алып отырмыз. Бұл тікелей қаржылар бөлінген жобалар. Сонымен қатар экономика саласына жаңадан енгіземіз деп отырған (оған 2024 жылға дейін бағдарлама дайындалып отыр) бұл – креативтік индустрия. Бұл негізгі үлкен бағыттардың бірі, шетелдердің, әсіресе Англия сияқты, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерде бұндай үлкен бағдарламалар жұмыс жасап жатыр. Осы бағытты да жүзеге асыру жоспарланып отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, жалпы халықтың табысын арттыру ең маңызды мәселенің бірі. Бұл бағытта біраз жұмыс жасап жатырсыздар, оны білеміз, оны жаңа

өзіңіз де баяндап бердіңіз. Халықтың табысын арттыруға арналған арнайы бағдарлама қабылданды, оған бюджеттен 197 миллиард теңге бөліп отырмыз.

Бұл жерде біздің айтайын дегеніміз, көп тетіктерді бұған дейін де пайдаландық, уақытша жұмыс орындарын ашу деген бар, төлемақы төлеу деген, басқа да формалар бар. Бірақ жалпы Жаңа Қазақстан бағдарламасының аясында жаңа механизмдерді, жаңа тетіктерді, жаңа жолдарды іздеу орынды болар деп есептейміз. Өзіңіз де осы бағытта жаңаша ұстанымдарымыз бар деп айтып жатырсыз. Соған байланысты біз бұл жерде халықаралық тәжірибені де жақсылап зерделеп, басқа мемлекеттердің де үлгілерін пайдалансақ артық болмайтын шығар. Мысалы, Қытайда кедейшілікпен күреске бағытталған үлкен бағдарлама бар, көптеген жұмыстар жасалды, нақты нәтижелер де бар. Қытайдағы кедейшілікпен біздің кедейшілік екі түрлі. Адамы саны көп Бангладеш мемлекетінде де бағдарламалар нәтижелі жүзеге асырылған. Сондықтан біз алдағы кезеңде бұрынғы тетіктерді ғана пайдалана бермей, жаңа механизмдерді де жүзеге асырсақ орынды болар еді деп есептейміз.

Ералы Лұқпанұлы, соған байланысты осы сессияның аяғына дейін біз сізді Сенаттың отырысына арнайы шақырып, сол жерде осы жаңа тәсілдерге байланысты, ойларыңызға байланысты, жасалып жатқан жұмыстарыңызға байланысты депутаттарға ақпарат беріп, біз де өзіміздің тарапымыздан не істей аламыз, қандай көмек береміз, соны пысықтап алсақ. Онда сессияның аяғына дейін тағы да бір кездесеміз. Рақмет.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасарлары Бақыт Тұрлыханұлы мен Ерлан Кенжебекұлына.

Өкінішке қарай, азық-түлік тауарларына бағалар күн санап өсіп, халықтың осал топтарының тұрмыс-тіршілігіне теріс әсерін тигізуде. Үкіметтің азық-түлік бағаларын тұрақтандыруға бағытталған шаралары өзінің нәтижесін бермеуде. Мәселен, 2021 жылы азық-түліктің бөлшек сауда айналымының көлемі 4,9 триллион теңге болса, тұрақтандыру қорлары мен «айналым схемасы» арқылы бағаны тұрақтандыруға 90 миллиард теңге қаражат жұмсалған, бұл нарықтағы сауда айналымы үлесінің 0,018 пайызы. Бюджеттен жұмсалған қыруар қаражат нарықтағы бағаларды төмендетуге ешқандай әсерін тигізе алмауда. Сондықтан төмендегідей шараларды қабылдаса, дұрыс болар ма еді?

Мысалы, 90 миллиард теңге қаржының бір бөлігін отандық өнімдерді сатып алу үшін арнайы купондар немесе төлем карталарын шығаруға жұмсап, сауда объектілері осы карталар арқылы отандық өндірістен әлеуметтік маңызы бар азық-түлікті сатуды тек халықтың әлеуметтік осал топтарына бағыттаса әлдеқайда тиімдірек болар еді.

Екінші, қазір әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы тез бұзылатын өнімдерді сатып алу, сақтау және қойманы жалға алу механизмі тиімсіздігін көрсетуде. Сонымен қатар ірі сауда объектілері арқылы сатылып жатқан арзандатылған азық-түлік

бағалары бақылаусыз қалуда. Осыған байланысты форвардтық қаржыландыру механизмімен сауда объектілеріне беріліп жатырған «айналым схемасы» арқылы жеңілдетілген қаржыландырудың негізгі бөлігін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне берсе неғұрлым тиімді болар еді.

Осыған байланысты сіздердің ойларыңыз қалай және басқа да механизмдерді қарастыру жоспарларыңызда бар ма?

Тағы бір мәселе, Мемлекет басшысының 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларына мониторинг жүргізу және бақылау мәселелеріне жауапты болып Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті анықталған болатын. Осыған байланысты әлі де осы мәселемен Ауыл шаруашылығы министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар айналысуда.

Неге берілген тапсырма орындалмауда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бақыт Тұрлыханұлы, жауап берсеңіз.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Нариман Төреғалиұлы, құрметті депутаттар! Сұрағыңызға рақмет, өте маңызды және өзекті мәселе. Бұл мәселелер Үкіметтің бақылауында тұр.

Сұрақтарыңыздың бірінші бөлігі – әлеуметтік тауарларға жеңілдік жөнінде айтсақ, Мемлекет басшысының 2020 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасы бойынша біз Цифрлық әлеуметтік әмиян деген жобаны іске асырудамыз. Осы цифрлық жаңа төлем құралын енгізудің мақсаты азаматтардың әлеуметтік төлемдерінің біріншіден – рәсімін жеңілдетуге, екіншіден – Ұлттық Банк жедел төлемдер жүйесін енгізіп жатыр, осы жүйені пайдалануға бағытталады.

Бүгінгі күні біз ірі сауда желілерінде әлеуметтік осал топтарға купонның орнына осы құрал арқылы жеңілдіктерді алу және әлеуметтік маңызы бар тауарларды төмендетілген бағалармен сатып алу мүмкіншілігін ойластырып отырмыз.

Екінші сұрағыңызға келсек, «айналым схемасының» негізі – форвардтық контрактілер, яғни жергілікті СПК арқылы және сауда желілері арқылы тікелей отандық тауар өндірушілерге осы қаражатты жеткізу. Дегенмен бүгінгі таңда тауарға тиісті құжаттардың болмауынан бөлшек сауда желілеріне ұсақ тауар өндірушілердің тауарларын жеткізуде белгілі бір қиындықтар туындайды. Бұл айтқан мәселеңіз өте дұрыс. Осыған орай сәуір айынан бастап Қаржы министрлігінің Кірістер комитеті ауыл шаруашылығы тауарларын – «өрістен сауда сөресіне» дейін жеткізетін тауарларды ЭСФ жүйесі арқылы іске асыратын тиісті пилоттық жобаны енгізіп отыр. Бұның негізгі принципі тауарлардың жеңілдетілген механизмдерін қалаға жеткізу және арасындағы делдалдарды анықтауға мүмкіндік береді. Соның арқасында осы пилоттық жобаны аяқтағаннан кейін біз тиісті заңнамаға өзгерістерді енгізетін боламыз.

Үшінші сұрағыңыз бойынша айтсақ, ішкі нарықты қажетті өнімнің көлемімен қамтамасыз ету үшін біз экспортқа біраз шектеулер қойып отырмыз. Мысалы, картоп,

күнбағыс майы бойынша, ірі қара мал және ұсақ малдың аналық бастарын экспортқа шығару және жақында Ресей қабылдаған шешімге байланысты біз қант пен астықты экспорттауға тыйым салу мәселесін қойып отырмыз. Дегенмен ішкі тауар өндірушілерге ішкі нарыққа қолайлы бағамен тиісті көлемде сату туралы қарсы міндеттемелерді қойып отырмыз. Жалпы бүгінгі күні Ауыл шаруашылығы министрлігі барлық мемлекеттік көмекті берген кезде осындай құрал, яғни қарсы міндеттемелерді келісімшарттарда енгізу пысықталып жатыр.

Соңғы мәселе – Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша былтырғы жылы Сауда комитеті құрылды. Бұл Жарлық бойынша барлық мемлекеттік орган әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының өсуіне жол бермеу үшін жұмысты ұйымдастырушы бірыңғай терезе ретінде осындай мемлекеттік орган ведомство болып жұмыс істеп келе жатыр. Бірақ жергілікті атқарушы органдардан бағаны 15 пайыз үстемеден асырмаудың бақылау функцияларын беру үшін ол заңға өзгерістер енгізу керек. Сондықтан қаңтар-ақпан айларында Мемлекет басшысының жедел берген тапсырмаларын орындау үшін біз осы заң жобасын әзірледік, жақын күндері Мәжіліске енгізетін боламыз. Сол заң жобасында бұл мәселелер қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ерұлан Кенжебекұлы, бір нәрсе қосасыз ба?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Бұл жерде екі негізгі мәселені атап өтуге болады. Біріншіден – халықтың нақты табысының құлдырауына жол бермеу, екіншіден – инфляцияның өсуін шектеу.

Бірінші мәселе бойынша біз осы республикалық бюджеттен халықтың табысын көтеруге арнайы бағдарламаға 200 миллиард теңгедей қаражат қосымша бөліп отырмыз және халықтың табысын индексстеуге әлеуметтік салаға 178 миллиард теңге қосымша бөліп отырмыз. Бұл жерде табысты арттыру бар да бағаны шектеу бар, бағаны шектеуге қатысты арнайы 67 ірі іс-шарадан тұратын бағдарлама қабылданған. Оны Ұлттық Банкпен бірге жүзеге асырып жатырмыз.

Бұл мәселе Премьер-Министрдің күнделікті жіті қадағалауында, өңірлермен тиісті шараларды атқарып жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

Мой вопрос к Министерству труда и социальной защиты населения Республики Казахстан.

Каждый день мы, депутаты, получаем десятки обращений граждан с просьбой о повышении пенсий и пособий. В социальных сетях, на различных встречах и митингах этот вопрос один из самых животрепещущих.

Однако индексации, связанной с инфляцией, какой бы большой ее ни посчитали в Правительстве, недостаточно! Просто посмотрите, насколько изменится после такой индексации, например, жизнь молодой женщины, которая не работает и одна растит ребенка с третьей группой инвалидности. В абсолютном исчислении к ее пособию по инвалидности в размере 50 тысяч 425,2 тенге мы добавим «целых» 2017 тенге, или лицу с инвалидностью с детства третьей группы – 43 тысячи 221,6 тенге добавляется 1729 тенге. И это в то время, когда люди требуют повышения пособий минимум в два раза.

В этой связи мой вопрос. Не пришло ли время изменить методы расчетов социальных пособий? Они были разработаны очень давно и не отвечают реалиям современной жизни. Нужно сделать так, чтобы после повышения или индексации люди могли реально почувствовать свою ценность, уверенность в себе и в завтрашнем дне.

Люди не просто ждут улучшения своего благосостояния, они ждут того, чтобы их голоса были услышаны. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тамара Қасымқызы, жауап берсеңіз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Уважаемая Ляззат Молдабековна, уважаемые депутаты! Вы знаете, что для Правительства социальные обязательства – это первый приоритет. Сейчас Заместитель Премьер-Министра озвучил, что для нашей сферы в текущем году расходы превысили 4,4 триллиона тенге, или четверть всех расходов республиканского бюджета.

Если касаться индексации, то она осуществлена в соответствии с прогнозированным Национальным Банком коридором на текущий год. Только что Председатель Национального Банка сказал, что в случае изменения уровня инфляции, наверное, мы еще раз рассмотрим вопрос индексации и повышения.

В целом хотела бы отметить, что государственная поддержка не ограничена только одним видом пособия. Ляззат Молдабековна, Вы это хорошо знаете. Для неработающих у нас двухуровневая система, для работающих у нас трехуровневая система. То есть к тем пособиям, которые дает государство, плюс выплачиваются, если работают, выплаты из Фонда социального страхования в таком же размере, плюс гарантированные государством специальные социальные услуги.

Когда мы говорим о государственной поддержке, нужно говорить обо всех этих поддержках, которые гарантированы государством. В этой связи сумма, которую получают, конечно, намного выше той, что сейчас Вы озвучили.

В отношении методологии. Сейчас тоже было озвучено. Мы согласны, пришло время пересматривать механизмы. В этой связи мы уже приступили к пересмотру методологии минимальных социальных стандартов в социальной сфере. Мы готовы пригласить Ляззат Молдабековну, а также еще поработать с комитетом, по итогам предоставить вам информацию.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына арналады.

Халықаралық валюта қорының сәуірдегі баяндамасына сәйкес Қазақстан экономикасының өсімі 2022 жылы 2,3 пайызға дейін төмендеді, 2023 жылға өсу болжамы 4,4 пайызды құрап отыр.

Халықаралық валюта қоры сарапшыларының пікірінше Орталық Азия елдері Ресеймен тығыз сауда, ақша және қаржы байланыстарын орнатқан және шикізат тауарларының бағасына қатты әсер етеді. Сондықтан бұл елдерде жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өсімі айтарлықтай төмендейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының 2022 – 2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес 2022 жылы Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) нақты өсу көрсеткіші 2,1 пайыз, 2023 жылы 5,3 пайыз деңгейінде күтілуде.

Осыған байланысты сұрақ:

Отандық экономиканың өсу болжамының төмендеуіне әсер еткен негізгі тәуекелдер мен факторлар және олардың жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) төмендеуіндегі үлесі қандай? Сондай-ақ бар тәуекелдерді жою үшін Үкімет қандай шаралар қабылдап жатыр?

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап берсеңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Әрине, макроболжамдар істеген кезде біз біріншіден сыртқы факторлар мен ішкі факторлардың бәрінің жиынтығын қарастырамыз. Сыртқы факторлар – біздің экспорттық тауарлардың бағалары, олардың болжамы, олардың сценарийлері (қандай жағдайда, экономикаға қалай әсер етеді). Бұның бәрі зерттеледі.

Сосын халықаралық арнайы ұйымдар бар, олардың болжамдарына міндетті түрде қараймыз. Қазіргі кезде экономикаға жақсы әсер етіп отырған – негізгі шикізат бағаларының өсуі. Бұл мұнай, газ, металл, астықтың бағасының өсіп отырғаны. Әрине, бұл трансмиссия механизмін бәріміз зерттеп отырмыз.

Екіншіден, салалық министрліктер бар, олар әрбір салаға келіп тиетін бүкіл әсерлердің бәрін зерттейді. Бұл зерттеулерді Ұлттық экономика министрлігінің Макроэкономикалық талдау және болжамдау департаменті атқарады.

Біз қазір көріп отырмыз, тәуекелдер күнде өзгеріп отыр. Бұның бәрін біз қарап отырмыз. Ол үшін арнайы Премьер-Министрдің басқаруымен оперативтік штаб құрылған, ол жерде бизнес өкілдері де бар, Үкімет мүшелері бар. Біз апта сайын барлық тәуекелдерді зерделеп отырмыз.

Болжамға біз Ұлттық Банктің барлық болжамдарын аламыз. Бұл экспорттық-импорттық операциялар бойынша, инфляция бойынша және де теңгенің бағамы бойынша бағалануы. Ол өсе ме, я төмендей ме, оның бәрін зерделеп отырамыз.

Нақты шараларға келетін болсақ, біз арнайы Ұлттық Банкпен бірлесіп және Қаржы қадағалау агенттігімен бірлесіп антикризистік жоспар құрдық. Біз Президент Әкімшілігімен бұны бірнеше рет зерделедік, әртүрлі әсерлердің бәрін ескере отырып экономиканың барлық салаларына қажетті іс-шараларды енгіздік және осы қаралып отырған қазіргі бюджетте де нақты секторды қолдауға 1,2 триллион теңгеден астам қаражат көзделген. Бұл өңдеу өнеркәсібіне, агроөнеркәсіптік кешенге және экономиканың барлық салаларына бағытталатын болады. Сондай-ақ алдында айтылып өткен халықтың табысын көтеру, банктегі теңгемен салынған депозиттердің құнсыздануына жол бермеу үшін оған арнайы бағдарлама қарастырдық. 2023 – 2025 жылдарға арналған бюджетті құрған кезде біз сол жерге тиісті қаражаттарды қарастыратын боламыз. Жалпы бұл мәселе Үкіметтің жіті бақылауында. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, өз тарапыңыздан бір нәрсе қосасыз ба?

ҚУАНТЫПОВ Ә.С. Ерулан Кенжебекұлы барлық мәселелерді айтып кетті.

Қазіргі таңда негізгі факторлар – сырттан келетін факторлар және қазіргі таңда болатын геосаяси факторлар. Қазіргі таңдағы біздің бюджетке әсер ететін оң фактор – мұнайдың бағасы. Біздің қазіргі тәсіліміз консервативті тәсіл. Сол себептен мұнайдың бағасын 90 доллардан жоғары деңгейде айқындап жатырмыз. Жылдың аяғына дейін бізде қосымша кірістер болуы мүмкін.

ТӨРАҒА. Коллеги, мы здесь больше говорим о внешних рисках, но в то же время в целом мы должны исходить из того, что геополитическая напряженность в мире, видимо, будет сохраняться на протяжении какого-то времени. Это не тот фактор, который в ближайшие дни может исчезнуть. Поэтому мы должны быть готовы к этим внешним рискам и одновременно искать внутренние ресурсы для обеспечения экономического роста.

В этой связи, Галымжан Олжаевич, Ерулан Кенжебекович, я хотел бы обратить внимание на вопрос, который депутаты постоянно поднимают, – это низкий уровень кредитования экономики страны. Сегодня у нас кредиты примерно на уровне 25 процентов от валового внутреннего продукта страны. В более или менее развивающихся странах этот показатель составляет 60-70 процентов, в Сингапуре, Корее, в каких-то европейских странах – 150 процентов объем кредитов от уровня ВВП.

В этой связи мы сжимаем все последние годы именно кредитование нашей экономики. На это работает и высокая процентная ставка 14 процентов, о которой Вы говорили.

Мы понимаем, что это сегодня чуть ли не главные механизмы Правительства для сдерживания инфляции. А дальше как? Если какие-то внешние риски будут сохраняться, мы с этой достаточно высокой процентной базовой ставкой не сможем развивать нашу экономику. Дальше как нам адаптироваться к этой ситуации?

Здесь такая интересная ситуация получается. Притом, что мы все последние годы держим эту высокую процентную ставку (это же не только в этом году произошло), одновременно мы рассматриваем вопрос субсидирования процентной ставки из республиканского бюджета для бизнеса. С одной стороны, банки не кредитуют экономику или кредитуют по высокой процентной ставке, с другой стороны, мы же берем наши народные, государственные деньги и субсидируем процентную ставку для малого и среднего бизнеса. Только по линии фонда «Даму» 170 миллиардов тенге в этом году выделяем. По другим институтам развития примерно похожая ситуация. Это малый и средний бизнес. Крупный бизнес субсидируется де-факто через Банк Развития Казахстана, там тоже есть субсидирование. Таким образом, получается, мы держим высокую процентную ставку, одновременно расходы из государственного бюджета на то, чтобы уменьшить эту процентную ставку, и оказываемся в каком-то замкнутом кругу.

И самое здесь любопытное, похоже, что эта ситуация устраивает и соответствующие государственные органы, и банки второго уровня. Почему? Меньше рисков, меньше ответственности, меньше отвечать за деньги, меньше потом на какие-то вопросы давать ответы. То есть лучше не финансировать, лучше все это зажать. Таким образом, за счет сырьевых наших компаний, за счет высоких цен на нефть и металл вроде бы какой-то уровень экономики мы обеспечиваем (2-2,5 процента).

В этих условиях не пришло ли время сформировать какое-то видение, как дальше будем развиваться в этом направлении, по кредитованию экономики, как будем расширять кредитование экономики, доводить до стандартов западных стран, до стандартов азиатских стран, как будем работать с высокой процентной базовой ставкой Национального Банка, потому что геополитические риски не исчезнут для нас?

И в этой связи вопрос, который поднимают депутаты: нужно ли нам законодательно закрепить двойной мандат Национального Банка, ответственность за сдерживание инфляции и ответственность за развитие экономики, как в развитых странах? У нас, мы так понимаем, мандат один у Национального Банка – это сдерживание инфляции.

Я не говорю, что сейчас надо вступать в дискуссию и отвечать на все эти вопросы, это уже тема отдельного разговора. Но я хотел бы, чтобы мы все подготовились и на отчете Правительства по исполнению республиканского бюджета за прошлый год (а отчет у нас будет в июне) вернулись к этому вопросу и проговорили по вопросам кредитования экономики, по перспективам кредитования, по процентной ставке. Всегда у нас будет продолжаться такое субсидирование процентной ставки или все-таки мы будем уменьшать со временем этот механизм поддержки? Поэтому предлагаю в июне вернуться к этому вопросу.

Пожалуйста, Галымжан Олжаевич.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Маулен Сағатханович, Вы подняли очень важный круг вопросов. Как Вы сказали, чтобы здесь не пытаться в полемику вступать, я хотел бы высказать несколько комментариев.

Основная задача Национального Банка – защита благосостояния казахстанцев, уберечь каждодневные доходы и сбережения казахстанцев от обесценения. Если мы сможем долгосрочно обеспечить адекватный уровень инфляции и обеспечить ожидание казахстанцев, что Национальный Банк и Правительство смогут инфляцию удерживать, мы сможем создать условия для устойчивого долгосрочного роста. По-другому, к сожалению, не получится.

Кредитование экономики зависит не только от ставки. Даже если мы сейчас снизим ставку, при такой инфляции банки все равно не будут кредитовать коммерческие проекты ниже стоимости денег. Нам нужны структурные реформы. Наша экономика зависит от импорта, в том числе продовольствия. Мы, к сожалению, подвержены внешним и сезонным шокам. Пока мы вместе с вами этого не сделаем, ожидать, что добавление в мандаты Национального Банка и рост экономики каким-то образом помогут, к сожалению, это не будет работать. Национальный Банк итак последние 3-4 года занимался этим, участвовал в этих программах поддержки экономики. Мы от этого сейчас планомерно отходим. Наша позиция – мы должны перестать субсидировать за счет государственных денег кредиты, должны перевести в коммерческое русло, поддерживать частный сектор. Частная инициатива должна находить способы, находить проекты и финансировать.

Если вкратце, позиция такая.

Вы абсолютно правы. Но пока мы не обеспечим долгосрочный адекватный уровень инфляции и доверие населения, что Правительство и Национальный Банк смогут и впредь такой уровень инфляции обеспечивать, мы не сможем обеспечить долгосрочный устойчивый рост экономики.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министру индустрии и инфраструктурного развития Ускенбаеву Каирбеку Айтбаевичу.

В проекте уточненного республиканского бюджета на реальный сектор экономики выделено дополнительно 1,3 триллиона тенге, это почти половина от дополнительных расходов, предусмотренных в рамках уточнения, и достаточно значительная сумма.

Так, целевые трансферты регионам для развития инфраструктуры специальных экономических зон, индустриальных зон, индустриальных парков увеличиваются в 3,1 раза, или на 8,9 миллиарда тенге, и составят 13 миллиардов тенге.

Вместе с тем неэффективная деятельность специальных экономических зон не раз подвергалась критике со стороны Главы государства. Надо признать, что специальные экономические зоны в Казахстане не получили той динамики развития, которую от них ожидали. Ряд специальных экономических зон являются низкоприбыльными, есть вопросы и к эффективности работы управляющих компаний.

По мнению экспертов, льгот для специальных экономических зон в Казахстане согласно законодательству вполне достаточно, но они не работают на деле, не находят практической реализации и существуют формально.

По Вашему мнению, как дополнительные вливания бюджетных средств повлияют на улучшение деятельности специальных экономических зон, индустриальных зон? И какой результат мы получим?

ТӨРАҒА. Қайырбек Айтбайұлы, жауап берсеңіз.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Уважаемая Ляззат Туякбаевна! У нас 13 специальных экономических зон, 297 предприятий на сегодняшний день создано. Ежегодно наблюдается рост продукции, которую они выпускают, в прошлом году – 1 триллион 800 миллиардов, в позапрошлом году – 1 триллион 700 миллиардов. На 1 тенге вложенных государственных денег привлечено 5 тенге частных инвестиций. Эта работа продолжается.

Да, Главой государства было дано существенное поручение – пересмотреть параметры специальных экономических зон и вывести их на уровень эффективности. Сейчас мы этой работой занимаемся, в том числе готовим необходимые нормативные правовые акты, уже в ближайшее время они будут завершены.

Большое спасибо, вы поддержали выделение 8,9 миллиарда тенге на индустриальную зону города Сарань для ежедневной инфраструктуры. Карагандинские депутаты, наверное, хорошо знают этот регион. Если этот регион раньше был депрессивным, даже рядом с теми заводами, которые раньше были, целый микрорайон бросили и ушли жители данного города, то сейчас он получает второе дыхание. Один завод уже построен, пять заводов строятся, из них часть в этом году уже будет сдана, в том числе и Шинный завод будет сдан в ноябре.

Кроме того, рядом с этими заводами будет построена система малого и среднего бизнеса. Для этого в рамках социальной ответственности эти крупные предприятия выделяют 20 тысяч квадратных метров, именно для развития малого и среднего бизнеса.

Специальные экономические зоны и индустриальные зоны мгновенного эффекта не дают, но они дают возможность доступа к государственной инфраструктуре, коммерческой инфраструктуре для многих предприятий, которые хотят развивать

бизнес. Поэтому эту работу надо продолжать. Мы ее продолжаем. И мы ее переструктурируем на основании поручения Главы государства.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мой вопрос адресован Заместителю Премьер-Министра господину Тугжанову.

Уважаемый Ералы Лукпанович! В нашей стране все чаще вспыхивают забастовки работников, требующих повышения заработной платы и улучшения условий труда. К примеру, забастовки работников нефтесервисных предприятий Мангистауской области, сотрудников АО «Казахтелеком» в городе Алматы, геофизиков в городе Актау, рабочих, строящих магистраль в Жамбылской области, а также шахтеров «Арселор Миттал Темиртау» свидетельствуют о том, что оплата и условия труда работников множества предприятий не соответствуют сегодняшним реалиям.

В своем Послании Глава государства поручил Правительству разработать «мягкие» меры стимулирования бизнеса к увеличению заработных плат своих работников, в рамках которых предусмотрены льготы в ходе регулируемых закупок, а также преимущественный доступ к государственной поддержке для работодателей, повышающих заработные платы своим сотрудникам.

Согласно данным Бюро национальной статистики, более 6,7 миллиона человек в Казахстане являются наемными работниками, основным источником доходов которых является заработная плата. При этом, как отметил Президент в своем Послании, за последние 10 лет фонд оплаты труда отстал от роста прибыли владельцев предприятий почти на 60 процентов.

В связи с этим у меня вопрос: какие льготы и меры государственной поддержки выработаны на данный момент для работодателей, повышающих заработную плату своим сотрудникам? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ералы Лукпанұлы, жауап берсеңіз.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Сергей Алексеевич, спасибо за вопрос.

В отношении тех ситуаций, которые в последние годы происходили, забастовки в отдельных крупных компаниях Казахстана, Правительство все это отслеживает. По всем из них принимаются сегодня конкретные меры. По 67 таким выступлениям на сегодняшний день вопросы полностью решены. Сегодня на повестке дня около 42 предприятий, с которыми ведутся конкретные предметные работы.

Требования компаний разные. Об этом Вы, я думаю, хорошо осведомлены, знаете.

Безусловно, меры государственной поддержки для работодателей – одна из главных составляющих. Я уже в предыдущем ответе на вопрос депутата говорил, что

по программе предусмотрены конкретные меры, есть прямые меры, есть косвенные. Прямые меры в первую очередь касаются структур бюджетных сфер и квазигосударственного сектора. Я особо хотел бы отметить (и на совещании мы этот вопрос поднимали), в квазигосударственном секторе вопрос повышения зарплаты касается именно производственного персонала. Это 250 тысяч человек, о которых я уже говорил. Это касается именно простых работников. Это вопросы работников «КТЖ», «Казпочты». Одним словом, были четко и детально расписаны по всем направлениям все меры, которые направлены на повышение зарплаты.

Безусловно, кроме них, мы заложили вопросы устранения дисбаланса трудовых доходов работников, занятых в негосударственном секторе. Это непростой показатель. Вопрос щепетильный. Но этот вопрос мы сегодня рассматриваем через установление встречных обязательств представителей бизнеса при получении государственной поддержки.

Виды поддержки, в принципе, вы знаете. Это и льготное кредитование, и выделение земельных участков, и выделение финансовых ресурсов на инженерные коммуникации, и дополнительные гранты. В целом это охватит где-то 2,8 миллиона работников.

Нам часто задают вопрос: как вы вообще будете отслеживать выполнение соответствующих обязательств? Безусловно, мы за основу будем брать... Сегодня это предусмотрено в законодательстве о государственных закупках. Это в первую очередь касается фонда оплаты труда, налоговых отчислений и стабильных пенсионных отчислений. Наверное, это один из главных показателей финансовой устойчивости.

Кроме этого, мы предусматриваем дополнительные обязательства по дополнительным соглашениям занятых работников без увеличения объема финансирования. Ряд таких механизмов сегодня предусмотрен.

В целом хотелось бы сказать, Маулен Сагатханович, что программа сегодня у нас открыта. Ваше предложение о том, чтобы в июне вернуться, мы с теми руководителями проектов, которые в рамках реализации этой программы предусмотрены, поддерживаем, готовы прийти в Сенат и детально все эти вопросы еще раз обсудить с вами. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министріне арналады.

Құрметті Ерұлан Кенжекбекұлы! Өзіңіз білетіндей, мемлекеттік қарыз мәселесі, оның ішінде бірінші кезекте сыртқы қарыз мәселесі Сенат бақылауында тұрған өте өзекті мәселенің бірі. Еліміздің 2022 – 2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері мемлекеттік қарыздың одан ары

өсетіндігін көрсетіп отыр. Болжам бойынша мемлекеттік қарыз алдымыздағы бес жылда жалпы ішкі өнімге қатысты 28,1 пайыздан 31,1 пайызға дейін өседі деп күтілуде. Ал Үкіметтің осы кезеңдегі қарызы 21,4 триллион теңгеден 32 триллион теңгеге дейін, яғни 1,5 есеге өседі деп болжануда.

Сыртқы қарыздар бүкіл мемлекеттік қарыздың жартысындай ғана деп Үкімет өзін сабырлықта ұстағанымен барлығымыздың басты міндетіміз тұрақты сыртқы қарыз мөлшерін азайту болып табылады.

Жоғарыдағыға байланысты тағы да бір анықтайтын жайт, бюджетті ағымдағы нақтылау кезінде бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 1 триллион 716 миллиард теңге сомасында сыртқы қарызды тарту жоспарлануда. Қалай дегенде де бұл сома бюджетті бекіту кезінде екі есе аз болған еді. Қазіргі уақыттағы нақты геосаяси жағдайды ескере отырып, Үкімет болашақта қосымша қарыз алу саясатын одан әрі жалғастыратыны да белгілі. Осыған байланысты бірнеше сұрақ туындайды.

1. Сыртқы қарыздарды тартуды азайту үшін қандай нақты шаралар және қандай жоспарларыңыз бар?

2. Валюталық тәуекелдерді азайтуды ескере отырып, жұмсақ валютада сыртқы қарыз алу үшін бүгінгі күні қаншалықты мүмкіндік бар? Себебі Үкімет бірнеше рет сыртқы қарыздардың жұмсақ валютада алынатыны туралы айтқан еді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап берсеңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сұлтанбек Алмасбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Шынымен де мемлекеттік қарыз – Үкіметтің жіті бақылауында тұрған мәселе.

Бұл жерде айта кету керек, біз мемлекеттік қарызды не үшін аламыз? Бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін. Сондықтан да мемлекеттік қарызды жоғарылатпау үшін, яғни арттырмау үшін ол жерде бюджет тапшылығын біз біртіндеп азайту керекпіз. Биылғы болжамда 3,3 пайыз деңгейінде көзделген. Бірақ біз алдымызда тұрған 5 жылда бұны 3 пайыздан төмен деңгейде ұстауды болжап отырмыз, яғни сол кезде жалпы мемлекеттік қарыз өспейді.

Мемлекеттік қарыздың өзіне келетін болсақ, қазіргі кезде бұл жалпы ішкі өнімге шаққанда 25 пайыздан сәл төмен. Жалпы шекті лимиті – 50 пайыз. Әрине, біз алдымыздағы жылдары 30 пайыздан аспайды деп болжап отырмыз. Бұның ішінде сыртқы қарыздарға мән берсек, оның үлесі үштен бірін құрайды. Бұл қазіргі кезде біздің тәуекелдер дұрыс басқарылатын мөлшер деп есептеледі.

Дегенмен де сыртқы қарызды ары қарай көбейту ешқандай жоспарымызда жоқ. Бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін ішкі мүмкіндіктерді толығымен пайдаланамыз, ішкі нарықтағы инвесторлардың әлеуетін толығымен пайдалану үшін Ұлттық Банкпен құрған арнайы жоспарымыз бар. Бұл жерде қысқа мерзімді қағаздар бар, ұзақ мерзімді қағаздар бар. Сондай-ақ соңғы жылдары шетелдік инвесторлардың біздің қор нарығына деген қызығушылығы артып келе жатыр, егер 2020 жылды алатын болсақ, олар 0,1 пайыз ғана болған, қазіргі кезде 3 пайызға дейін өсті. Бұл қыруар

қаражат. Олардың қызығушылығы артқан сайын біздің ішкі қор нарығының мүмкіндігі де артады, яғни осы ішкі қор нарығынан біз тартатын қаражаттардың да көлемі жоғары болады.

Осы бағытта үлкен жұмыстар істеп жатырмыз. «Euroclear» деген арнайы құнды қағаздардың жүйесі бар, сол жүйені Қазақстанға енгізбек ойымыз бар. Егер «Euroclear» енгізілсе еуропалық, америкалық инвесторлардың ішкі нарыққа деген қызығушылығы арта береді. Осы бағытта жұмысты күшейтеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерулан Кенжебекович, в целом очень актуальный вопрос поднял Султанбек Алмасбекович. В этой связи мы видим, конечно, что дефицит бюджета остался на том же уровне – 3,3 процента. Но внутри как закрывать этот бюджетный дефицит? Мы видим, что в рамках этого бюджета увеличиваем внешнее финансирование дефицита на 640 миллиардов, одновременно снижаем внутренние источники на 780 миллиардов. Согласитесь, мы за один год только в рамках покрытия этого дефицита уменьшаем очень существенно, фактически на 2 миллиарда долларов внутренние источники и на чуть меньшую сумму берем из-за рубежа кредиты.

Понятно, что внутри есть проблемы с экономикой и так далее. Но говорить о том, что внутри у нас нет средств, наверное, тоже неправильно. Внутри ресурсы есть, это подтверждают и эксперты, и экономисты. Есть ресурсы, которые можно привлекать, которые можно заимствовать у юридических лиц, у физических лиц. Больше, конечно, у юридических лиц. И в этой связи, наверное, здесь речь идет о том, чтобы больше задействовать внутренние источники покрытия дефицита бюджета, нежели, как мы видим в этом уточненном бюджете, делать ставку на внешние источники.

В целом мы видим здесь определенную политику Правительства. Думаем, что вы все эти проблемы знаете лучше нас. Но мы ждем от вас последовательной работы для того, чтобы уменьшать и дальше долю внешнего заимствования для покрытия дефицита бюджета.

Хотел бы, воспользовавшись ситуацией, поднять еще один вопрос – использование трансфертов из Национального фонда, раз мы о бюджете говорим. В рамках уточнения мы выделяем дополнительно 1,6 триллиона тенге из Национального фонда как гарантированный трансферт. Вопрос не в том, чтобы не использовать средства Национального фонда. Наверное, надо их использовать. Если не в таких ситуациях, то когда мы будем их использовать, по большому счету? Ситуация-то непростая. Вопрос в чем? И об этом говорят наши депутаты постоянно, что надо рационально использовать эти деньги, надо эффективно использовать эти деньги, должна быть отдача от этих денег.

Приведу буквально два примера. Допустим, за прошлый год использование средств из целевого трансферта Национального фонда. Вы знаете, что эти средства на какие-то стратегические цели направляются. В частности, на развитие массовых и национальных видов спорта целевыми трансфертами из Национального фонда было выделено порядка 1,7 миллиарда тенге. И примерно половина этой суммы осталась

неиспользованной. То есть каким-то образом на эту деятельность направили и половину денег не использовали.

Также целевым трансфертом из Национального фонда на поддержку и продвижение национальных фильмов было выделено 3,3 миллиарда тенге, из этих средств было использовано только 34 процента.

Первый вопрос: почему выделили? Второй вопрос: раз выделили, почему не использовали?

Такие примеры, наверное, можно и дальше перечислять. Во время отчета мы о них, наверное, более детально поговорим.

Насколько правильно в целом выделять средства Национального фонда (а он же у нас уменьшается, мы все это знаем) на текущие расходы? Речь не о том, чтобы не покрывать эти расходы. Нужно и национальные фильмы продвигать. Но их нужно финансировать за счет иных поступлений, за счет доходов республиканского бюджета, но не за счет целевых трансфертов Национального фонда.

В этой связи, видимо, нам всем, Правительству и депутатам, нужна какая-то дисциплина использования средств Национального фонда. Есть какие-то правила, если есть необходимость, надо их ужесточить и следовать всем этим правилам. В этом направлении мы надеемся на активную работу Правительства. Вопрос Национального фонда в любом случае будет подниматься и при отчете, и при рассмотрении осенью бюджета на последующие годы. Поэтому здесь, Ерулан Кенжебекович, мне кажется, нам нужно иметь более осмысленную, более четкую позицию и какую-то финансовую дисциплину.

Келесі сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрі мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министріне арналады.

Бүгінгі күні тозу деңгейі 76 пайызға жеткен машина-трактор паркін жаңарту мәселесі агроөнеркәсіп кешенін дамытудың және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құрамдас факторы болып табылады.

Әлемдік нарықтағы соңғы оқиғаларға байланысты импортталатын ауыл шаруашылығы техникасы, соның ішінде отандық трактор және комбайн зауыттарында өндірілген ауыл шаруашылығы техникасының құны орташа есеппен 24 пайызға дейін қымбаттады. Бұл ретте 2022 жылға белгіленген бағалар әлі түпкілікті емес екенін атап өткен жөн.

Көріп отырғанымыздай, нақтыланған бюджетте инвестициялық субсидиялау бағдарламасына қосымша 43 миллиард және кредиттер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға 34,9 миллиард теңге мөлшерінде қаражат бөлу қарастырылған. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау қағидаларында көзделген техника бірлігіне субсидияларды есептеу үшін техниканың құны ескі бағалар бойынша есептелген. Осылайша жоғарыда аталған мән-жайлар ескерілсе де оларды жаңарту

бойынша нормативтік көрсеткіштерге қол жеткізуге ғана емес, бар деңгейде сақтап қалуға да мүмкіндік болмауы мүмкін.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды:

1. Нақтыланған бюджетте ауыл шаруашылығы техникасының кредиттері мен лизингі бойынша инвестициялық және пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға бөлінетін қаражат қандай критерийлер бойынша айқындалады?

2. Бізге белгілі болғандай, кәдеге жарату алымынан жиналған 100 миллиард теңге халықты жеңілдікпен автонесиелендірудің жаңа бағдарламасына 4 пайызбен бөлу жоспарланған.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға осындай шарттармен қаражат бөлуге қандай кедергілер бар деген сұрақ туындайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақпайұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Мұхтар Сабырұлы, сұрағыңызға рақмет, өте өзекті мәселе.

Негізі біз былғы жылы жоспар бойынша инвестициялық субсидиялауға қосымша 43 миллиард, несие мен лизингтің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға қосымша 35 миллиардтай теңге жоспарлап отырмыз. Негізі қаражат жеткілікті, қазіргі қол жеткізіп жатқан техниканы жаңарту деңгейін сақтап қалуға жеткілікті деп санаймыз.

Көтеріліп отырған мәселе бойынша біз ережелерге өзгерістерді енгізіп жатырмыз. Біріншіден, несие мен лизингтің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ережелеріне де өзгерістер енгізіп отырмыз. Қазіргі жағдайда 10 пайыздай субсидиялайтын болсақ, негізгі нарықтық сыйақы мөлшерлемелері деңгейінің өсуін ескере отырып, субсидия мөлшерлемесін 15 пайызға дейін көтеру мүмкіншілігін қарастырып отырмыз. Былтырғы жылы нарықтық пайызбен 17 пайыздан лизингке алатын болса 10 пайызы субсидияланатын еді, енді 15 пайызға дейін субсидиялану мүмкіншілігі де туындап отыр.

Екінші көтірген мәселеңіз бойынша қазір ережеге өзгерістер енгізіп, сатып алынып отырған техниканың бағасын көтеру мәселесін де қарастырып жатырмыз. Негізі сол шаралар, биылғы нақтылау кезеңінде қосымша қосылып отырған ақшалар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сатып алып отырған техникасының жаңғырту деңгейін сақтап қалуға бар мүмкіншілікті тудырып отыр.

ТӨРАҒА. Қайырбек Айтбайұлы, өз тарапыңыздан бір нәрсе қосасыз ба?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Мұхтар Сабырұлы, шынында да менің әріптесім айтып кеткендей, өте маңызды мәселе көтеріп отырсыз.

Шынында да тозған техниканың санын 4 пайыздан алмастырып отырсақ, бұның санын біз көбейтіп, ең кемінде 7-8 пайызға дейін жеткізу керекпіз. Сол жөнінде біз Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге қазір қандай мәселелерді көтеріп, қандай шаруа

жасау керек екенін ойластырып отырмыз. Ал енді жаңғыртуға берілген қаржы бойынша жеке адамдарға 4 пайыздан көлік сатып алуға 100 миллиард теңге жоспарланып отыр. Ол жерде 15 мың адам кезекте тұр, сол себептен ол ақша сол жаққа бөлініп отыр. Бірақ біздің тараптан лизингке берілетін 3,5 миллиард теңге көзделіп отыр. Ол 3,5 миллиардқа тағы да қосымша 3,5 миллиардты банктерден тартамыз. Қосымша 2018 – 2019 жылға берілген қарыздан биыл 500 миллион қайтып келеді, 7,5 миллиард теңге көздеп отырмыз. Жетпей жатқандай жағдай болса күздігүні тағы да қарастырамыз, не қосымша ақша бөлу мәселесін Үкіметте көтеретін боламыз. Қазір осы ақшаны игеріп алайық, сонда белгілі болады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлына беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым министріне.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Менің сұрағым білім беру саласындағы ұстаздарды қайта даярлау барысы жөнінде. Атап айтқанда, мұғалімдер республикалық «Өрлеу» мекемесінде және оның облыстық филиалдарында біліктілігін арттырады, яғни оқып, емтихан тапсырып, арнайы сертификат алып шығады. Биыл республикалық бюджетте бұл бағытқа 2,3 миллиард теңге қарастырылған. Бүгінгі қаралып отырған бюджетті нақтылау барысында 2022 жылға тағы да қосымша 3,1 миллиард теңге қаржы бөлу қарастырылуда.

Әрине, мұның барлығы еліміздегі білімнің саласы мен ұстаздардың біліктілігін арттыру үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан үлкен қолдау, қамқорлық. Дегенмен қазіргі кезде ұстаздармен, ата-аналармен, сайлаушылармен кездесу барысында аттестациялау бойынша көптеген сын-ескертпелер айтылып жүр. Оны бәріміз жақсы білеміз. Мысалы, былтыр кешенді тест тапсырған 130 мың 289 мұғалімнен 55 мың 162 мұғалім ғана тиісті балл жинаған. Бұл олардың 60 пайызы тестілеуден өте алмады деген сөз.

Менің сұрағым:

Осы біліктілікті арттыру институттарында 30 сағаттан 108 академиялық сағатқа дейін оқып, дайындалып, сертификат алған ұстаздарды сол жерде бірден аттестация, тестілеуден неге өткізбеске? Сонда аталған сертификаттың да беделі артып, біліктілігін арттыру институттары мен «Өрлеу» мекемесінің де жауапкершілігі де күшейер еді деп ойлаймын. Бұл өз кезінде бөлініп отырған қаржыны үнемдеп, тиімді пайдалануға мүмкіндік берер еді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Асхат Қанатұлы, жауап беріңіз.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Бақытжан Тұрсынұлы! Өте маңызды мәселе. Бірінші сұрақ бойынша айтсақ, шынында да биылғы

жылы мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша 2,3 миллиард теңге қарастырылды. Бұл қажеттілік 97 мыңның тек қана 3/1 бөлігін ғана қамтуға жеткілікті, яғни тек қана 38 мың мұғалімге. Сондықтан біз қазір сіздерден тағы да 3,1 миллиард теңге сұрап отырмыз. Ол сәйкесінше 48 мұғалімді осындай тегін курстармен қамтуға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімдер үшін өте үлкен көмек.

Тағы да бір мәселені айта кету керек. Жыл сайын бізде мұғалімдердің 30 пайызы осындай міндетті курстардан өз қалтасынан төлеп өтуге мәжбүр болды, сондықтан бұл мұғалімдерге өзінің септігін тигізеді деп ойлаймыз. Осы қаражатты қолдауларыңызды сұраймыз.

Екінші мәселе – тестілеу мәселесі. Шын мәнінде бүгінгі күні біз тестілеуді цифрлық форматқа өткіздік. Жаңа айтылған тәуекелдер осыған байланысты азайды деп айтуға болады. Бұның алдында қағаз жүзінде 60 пайызы тестілеуден өтіп жүрсе, қазіргі уақытта бұл бірнеше есе азайды. Бұл академиялық адалдық қағидаларын қорғау мәселесімен байланысты. Екіншіден біз бұны мемлекеттік жекеменшік серіктестік тегігі арқылы өткізуге байланысты бұл қазіргі уақытта мемлекет үшін толығымен тегін, біз 2020 мемлекетке тиісті бюджетті қайтарып беріп, қазіргі уақытта бұған қаражат сұрап отырған жоқпыз.

Жалпы осы жүйені жетілдіру бойынша мәселелер бар, бұл мәселелерді біз әрі қарай қарастырып, жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша тиісті жұмысты бірге жүргізетін боламыз. Ұсыныстарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министріне арналады.

Өткен айда, яғни сәуірдің 14 күні Сенат отырысында жыл сайынғы көктемгі су тасқынына байланысты мәселелер талқыланып, негізгі проблемалар ретінде гидротехникалық құрылыстардың болмауы немесе авариялық жай-күйі аталған болатын. Өйткені ол нысандардың басым көпшілігі өткен ғасырдың 60-70 жылдары салынған және физикалық-моральдық жағынан 40 пайызға дейін тозған.

Ал бүгін бюджетті нақтылауда экология министрлігі белгісіз себептермен «Сумен жабдықтау жүйелерін, гидротехникалық құрылыстарды салу және жөндеу» бағдарламасына арналған шығыстарды 6,3 миллиард теңгеге азайтып, 26 миллиардтан 19 миллиард теңгеге түсіреді.

Осыған байланысты:

1. Бюджет қабылданғанына бір ай өтпей жатып, сіздер, құрметті Серікқали Аманғалиұлы, кейбір объектілер бойынша қаржыландыруды қысқартуды ұсынасыздар және Шығыс Қазақстан облысының су қоймаларын жөндеуді аяқтауға қаражат бөлуден бас тартасыздар. Бұл жерде бұндай жоспарлау қалай құрылған және өзгерістер немен байланысты деген сауал туындайды.

2. Неліктен Шығыс Қазақстан облысының Шүлбі және Өскемен су қоймалары ерекше стратегиялық маңызы бар нысандар тізбесінен шығарылады, аталған объектілер жеке қолға өтіп кетуі мүмкін ғой. Олар каскадты станциялар болғандықтан және бөгеттің (платиналардың) бұзылуы немесе судың авариялық ағымы жағдайында тек өңірлік емес, трансшекаралық күрделі төтенше жағдай туындауы мүмкін.

Осы екі сұраққа нақты жауап берсеңіздер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Серікқали Аманғалиұлы, жауап беріңіз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Рақмет.

Құрметті Нұржан Нұрланбекұлы, биыл екі жобаны жүзеге асыру үшін қажетті 6,3 миллиард теңгені қысқартып, басқа жобаларға жұмсауды ұсынып отырмыз. Себебі бір жоба бойынша конкурс әлі аяқталған жоқ, ал екінші жоба бойынша ПСД-ға түзетулер енгізілуде.

Ал Шығыс Қазақстан облысындағы авариялық су қоймаларын реконструкциялау үнемделген қаржы есебінен Республикалық бюджет комиссиясының шеңберінде шешілуде. Олар жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Сіз көтерген екінші мәселе – Өскемен және Шүлбі су қоймалары сол жерде орналасқан су электр станцияларының құрамына кіреді. 2020 жылы осы ГЭС-тер жекешелендіру тізіміне енгізілді, сондықтан олар ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы объектілерінің тізімінен шығарылды. Дегенмен қазір бұл объектілерді жекешелендіру бойынша шешім күшін жойып, осы су қоймаларын қайтадан Ерекше стратегиялық маңызды объектілер тізіміне қосу қарастырылуда. Бұл ретте меншік түріне қарамастан осы су қоймаларының жұмыс режимі біздің министрліктің Су ресурстары комитетімен тәулік сайын реттелетінін атап өткім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Серікқали Аманғалиұлы, жаңа біздің сенаторымыз көтерген екі объектіні жекешелендіру керек пе, керегі жоқ па, бұл мәселені тағы да пысықтау керек деп есептейміз. Екі нысан сол өңір үшін, сол өңірдің халқы үшін стратегиялық маңызы бар нысан екені белгілі. Сондықтан жекешелендірген кезде олардың болашағы қалай болатыны үлкен әңгіме. Осы мәселені өзіңіз пысықтап, Нұржан Нұрланбекұлына жазбаша жауап берсеңіз дейміз.

Рұқсат болса тағы бір мәселеге тоқтала кетсем деймін.

Ерұлан Кенжебекұлы, Серікқали Аманғалиұлы, осыдан екі апта бұрын біздің сенаторлар Аралға барып, Аралдың басында Өзбекстан Сенатындағы әріптестерімізбен Аралдың мәселесіне арналған арнайы жиын өткіздік. Ол біз үшін де, Өзбекстан тарапы үшін де өте өзекті мәселелердің бірі.

Серікқали Аманғалиұлы, сіз өзіңіз де бардыңыз, сол жиналысқа қатыстыңыз. Ерлан Кенжебекұлы, сіз онлайн форматта жиналыста болдыңыз.

Жалпы Кіші Аралдың мәселесі стратегиялық мәселелердің бірі, оны бәріміз білеміз. Осыдан бес жыл бұрын «Көкарал» бөгетінің бір бөлігінде проблемалар туындап, бір бөлігін су шайып кеткені белгілі болған. Содан бері бес жыл өтті. Жалпы «Көкарал» бөгеті Үлкен Аралға суды жібермей, Кіші Аралдағы судың деңгейін көтеру үшін негізгі стратегиялық роль ойнайтын бөгет. Егерде осы бөгет шайылып кететін болса, сонша жылдан бері біздің Кіші Аралға жинаған суымыздың бәрі құмға кетеді. Оған қаншама қаржы бөлінді, оған Дүниежүзілік банктің көмегін де алдық, Үкімет те қаржы бөлді. Сөйтіп жинаған суымызға қазір қауіп төніп тұр. Сол Аралға сол өңірдің біраз халқы тәуелді болып отыр, сол Аралға қарап отыр. Егерде сол судың деңгейі төмендеп кетсе оның үлкен әлеуметтік, экологиялық, экономикалық әсері болатыны белгілі. Егер ашығын айтатын болсақ, үлкен катастрофа болады.

Бүгінгі күні сол бөгеттің 200 метрі шайылып кеткен. Қазір бөгеттегі учаскелер суды ұстап тұр, бірақ бұл ұзаққа созыла қоймас. Сондықтан біз күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бұған қаржы бөлуіміз керек.

Ерұлан Кенжебекұлы, өзіңіз де жиналысқа қатыстыңыз, Қызылорда облысының әкімдігі 5 миллиард теңге сұрап отыр. Ондай стратегиялық мәселе үшін бұл көп қаржы емес шығар. Биылға 500 миллион теңге сұрап отыр, соны біз Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің резервінен қарастыруға тырысайық. Бірақ күзде келесі жылдың бюджетін қараған кезде қалған соманы тауып беруге жұмыс істейік. Өйткені Аралдың мәселесі, Кіші Аралдағы суды сақтап қалу бүкіл Қызылорда өңірі үшін стратегиялық мәселе, біз осылай бюджетті бөле алмай жүрген кезде бірнәрсе болып кететіндей болса, оның аяғы өте қиын болады.

Ерлан Кенжебекұлы, біздің әріптестеріміз соның бәрін көрді, бөгетке барды, бөгеттің жұмысымен танысты. Бәрін көздерімен көріп, Қызылорда облысының әкімшілігімен бірге осындай ақпаратты дайындап отыр. Сондықтан бізге Қаржы министрлігінің тарапынан көмек керек болады, осы бағытта бірге жұмыс істейік. Рақмет.

Келесі сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына және Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына.

Маңғыстау облысына барған іссапардағы кездесулерде халықтың көтерген өзекті мәселесі – «Қошқар ата» қалдық қоймасын залалсыздандыру жұмыстары қашан аяқталады деген негізгі сауал болды.

«Қошқар ата» қалдық қоймасын қалпына келтіру жобасының құны 14 миллиард теңгені құрайды. Осы 14 миллиард теңгенің соңғы үш жылда 4 миллиард теңгесі ғана игерілуде. 2023 – 2024 жылдарға арналған бюджетте жоба бойынша тек 1 миллиард теңге ғана қарастырылған, демек бұл жобаның аяқталуы ұзақ мерзімге созылғалы тұр.

Президенттің тапсырмасы бойынша бұл жоба 2025 аяқталуы тиіс. Оның үстіне «Аманат» партиясының сайлау алды бағдарламасында да осы жоба аталған.

Сұрақ: осы жобаны қаржыландыру және аяқталу мәселесі қандай мерзімде нақты шешіледі?

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап берсеңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бірінші Аралдың мәселесі бойынша алдындағы сұраққа жауап бере кетейін. «Көкарал» дамбасы біздің ерекше бақылауымызда тұр. Дұрыс айтасыз, біз сол жиынға қатысқанбыз. Егер сметалық құжаттардың барлығы түгел болса, біз резервтен қомақты қаржы бөлуге қазір дайынбыз. Бюджет нақтыланғаннан кейін министрлікпен бірге осы бір-екі жыл көлемінде бәрін шешуге міндетті түрде барлық мүмкіндікті жасаймыз.

«Қошқар ата» қалдық қоймасына келетін болсақ, бұл да ұзақ жылдан бері талқыланып келе жатқан мәселе, жеті-сегіз жыл болды. 2015 жылы сметалық құжаттамаларын жасаған кезде бұлар бір әдістемені қолданды, сосын 2018 жылы ол әдістемені дұрыс емес деп тағы бір әдістеме қолданды. Бұл жерде негізгі проблема – сметалық құжаттамасы басында дұрыс жасалмаған.

Біз сол құжаттар дайын болғаннан кейін былтырдан бастап тиісті қаражатты бюджетте қарастырып отырмыз. 2021 жылдан бастап бөліп келе жатырмыз. Алдағы екі жылдық көлемге, яғни 2024 жылға дейін толық осы мәселені шешеміз деген жоспарымыз бар.

Әрине, бұндай жобалардың жылдан-жылға қала бергені жалпы біздің қаржымызға да, бюджетке де ауыр. Себебі олар жылдан-жылға қымбаттай береді, сметалық құны арта береді, одан кейін келесі жылдары одан да екі-үш есе көп ақша жұмсауға тура келеді. Сондықтан да жақын арада осы екі мәселені шешуге барлық мүмкіндіктерді жасаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Серікқали Аманғалиұлы, сіз қосасыз ба?

БРЕКЕШЕВ С.А. Иә, Маңғыстау облысындағы «Қошқар ата» қалдық қоймасын қайта жаңарту жұмыстарына 15,5 миллиард теңгеге келісімшартқа қол қойылды. 2021 жылы 1 миллиард теңге игерілді, 266 гектар алаң қалпына келтірілді. 2022 жылға 3 миллиард теңге қарастырылып отыр. Бұл жоба бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бұл жобаның жұмыстарын 2024 жылы аяқтау үшін Қаржы министрлігіне алдағы екі жылға жыл сайын 5,1 миллиард теңге көлемінде бюджеттік өтінім енгізілетін болады. Егер ұсыныс қолдау тапса жоба 2024 жылы аяқталады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ. Енді екі заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Әлеуметтік-экономикалық саясат Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын іске асыру шеңберінде халықтың әл-ауқатын арттыру және экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін бұрын мақұлданған және қабылданған шешімдердің қағидаттарын ұстанатын болады.

2022 жылы туындаған тәуекелдер, макроэкономикалық көрсеткіштер бюджеттік параметрлерді қайта қарауға алып келді және 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде екі заң жобасы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы және «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралып отыр.

Баяндамашылар негізгі макроэкономикалық және бюджеттік көрсеткіштерді ұсынды. Сондықтан республикалық бюджетті нақтылаудың кейбір мәселелеріне тоқталсам деймін.

Бюджетті нақтылау барысында 3 триллион 400 миллиард теңге нақты секторға бағытталған. Олар ел экономикасының дамуына қарқынды оң бағытта мультипликативтік әсер етуі тиіс.

Сонымен қатар ресми статистика деректеріне сәйкес экономика дамуының неғұрлым оптимистік көрсеткіштерін болжауға мүмкіндік беретін бірқатар алғышарттар бар. Мәселен, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша өнеркәсіп өндірісінің айтарлықтай серпінді өсімі тіркелді. Мұндай жағдай Үкіметтің ішкі және сыртқы тәуекелдерді ескере отырып, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасап отырғанын көрсетеді. Сондықтан экономиканың нақты секторындағы оң жетістіктер негізінде бюджетке қосымша түсімдерді ұлғайта отырып, Ұлттық қордан алынатын алымдарды азайтуға басымдық берген дұрыс.

Өкінішке қарай, мемлекеттік борышты және ұлттық қордан берілетін трансфертті ұлғайту арқылы бюджет шығындарын жабу практикасы жалғасуда.

Ұлттық қорды пайдалануда қатаң белгіленген көлемдегі шектеуіне қарамастан, Үкімет Ұлттық қордан соңғы үш жылда жылма-жыл тұрақты негізде 4 триллионнан астам қаржы алып келеді. Сондай-ақ кепілдік берілген трансферт есебінен 3,4 триллион теңге мөлшерінде зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге бағытталуда.

Мәулен Сағатханұлы, жаңа ғана өзіңіз айтқандай, Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің негізгі көлемі тұрақты сипаттағы ағымдағы шығыстарға қаралған.

Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына сәйкес Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуды қамтамасыз етуге бағытталғаны дұрыс. Сондықтан аталған шығыстарды қаржыландыруды республикалық бюджет есебінен неғұрлым оңтайлы деп санаймыз. Ал Ұлттық қордың қаражатын адами капиталды дамытуға, сондай-ақ инфрақұрылымдық дамуды қаржыландыруға ауқымды инвестицияларға бағыттаған тиімді болады деп есептейміз.

Бюджет тапшылығы іс жүзінде жылма-жыл жалғасып келеді. Мәселен, осы бюджетті нақтылау кезінде бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 1 триллион 716 миллиард теңге көлемінде сырттан қарыз алу жоспарлануда.

Қазірдің өзінде Үкіметтің сыртқы борышы квазимемлекеттік секторды қоса алғанда 37 миллиард АҚШ долларынан астам немесе Ұлттық қор активтерінің 67 пайызын құрайды.

Ішкі және сыртқы нарықтардағы қарыз алуды ескере отырып, ағымдағы жылдың өзінде үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге және оны өтеуге 2,8 триллион теңге бағыттау қажет болады. Бұл Ұлттық қордан алынатын трансфертті қоса алғанда республикалық бюджет кірістерінің 17,9 пайызын құрайды. Сол арқылы ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасын белгіленген шектеулерден 15 пайызға арттырады.

Сонымен қатар жаңа шаралар топтамасы аясында Мемлекет басшысы бюджетті толықтыру көздері дағдарысқа қарсы біржолғы шара ретінде ғана емес, заңнамалық деңгейде бекітілген тұрақты негіздегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер болуы тиіс екенін атап өтті.

Үкімет өз кезегінде акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар таза табыстардың бір бөлігін 2019 жылдың қорытындысы бойынша 100 пайызға дейінгі мөлшерде, ал 2020 жылдан бастап таза табыс сомасының кемінде 70 пайызы мөлшерінде дивиденд төлеуді көздейтін қаулы қабылдады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер мемлекеттік қатысуы бар кәсіпорындардың таза кірісінің 16,5 пайызын құрады. Осылайша белгіленген мөлшерде 70 пайызды қамтамасыз етпеді. Тиісінше республикалық бюджетке түсетін түсімдердің осы түрлерінің орындалмау қаупі бар екенін ескеруіміз керек.

Мемлекет басшысы жариялаған Қазақстан экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі реформалар шеңберінде жеке кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту мақсатында Үкіметпен орта және ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқартуға бағытталған шаралар жүргізілуде. Бұл ретте Үкіметтің барлық жекешелендіру жоспарларына қарамастан, мемлекеттің Қазақстан экономикасындағы үлесінің төмендеуі әлі айтарлықтай байқалмайды. Бұған дәлел ретінде республикалық меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдердің жыл сайын төмендеу фактілері болып табылады. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша түсімдер жоспары 48 миллиард теңге, іс жүзінде 10 миллиард теңге түсті, ал

2022 жылы бар болғаны 21 миллиард теңге жоспарланған немесе 2021 жылға қарағанда 2,3 есеге аз. Осыған байланысты мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің төмендеу үрдісін ескере отырып, Үкіметтің мемлекеттің қатысуын қысқарту арқылы бәсекелестікті дамыту жөніндегі жұмысты тиісті деңгейге жеткізу өте маңызды.

Бюджеттің шығыс бөлігі елдік маңызы бар және әлеуметтік-экономикалық саладағы, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі бірінші дәрежелі міндеттерді шешуге бағытталатыны белгілі. Сондықтан жоспарлаудың сапасына және оларды пайдаланудың бұдан әрі тиімділігіне ерекше назар аудару қажет, өйткені қазірдің өзінде бюджетті нақтылау шеңберінде белгілі бір шығындар алаңдаушылық тудырады. Мысалы, «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайту арқылы қосымша 10 миллиард теңге көлемінде қаражат көзделген. Ал 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражат қалдықтары 2016 жылдан бері 19,7 миллиард теңге көлемінде қалып келеді. Сондықтан жылдар бойы пайдаланылмаған қаражатты бюджетке қайтару бойынша шаралар қабылдау немесе оларды басқа қажетті бағыттарға қайтадан бөлген дұрыс деп есептейміз.

Сондай-ақ «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын қамтамасыз етуге арналған шығыстарды қаржыландыруға 2021 жылы 1 миллиард теңге қаралды. Осы бюджетті нақтылау кезінде 147 миллион теңге көлемінде қаражат қаралды. 2022 жылға 1,4 миллиард теңге көлемінде қаражат қарастырылған. Бұл ретте «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметі 2020 жылғы наурыздан бастап тоқтатылды және қытай тарапынан Қазақстан – Қытай шекарасы жақында ашылуды растамайды. Сондықтан «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметі мен объектілерді салуға бөлінген қаражаттарды да басқа мақсаттарға пайдалану жөніндегі мәселені қарау орынды деп санаймыз.

Осы үш жылдық бюджетті қалыптастыру кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 24 көтерме-тарату орталығын құруға қатысты депутаттар тарапынан көптеген сұрақтар туындағаны белгілі. Бұл ретте 2022 жылға 9 миллиард теңге сомасында қаражат көзделген.

Бұған қатысты сауда және интеграция министрлігінің ақпаратына сәйкес ағымдағы жылы 780 миллион теңге тек қана екі көтерме-тарату орталықтарын жаңғыртуға жұмсалуда. Қазірдің өзінде мемлекеттік орган ұлттық тауар өткізу жүйесінің желісін құру моделін оңтайландыру және қайта қарау қажеттігі туралы мәлімдейді, яғни бұл жағдайда аталған жоба жеткіліксіз пысықталғанын көрсетеді.

Осылайша бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануды болдырмау үшін бюджетті жоспарлаудың және атқарудың онлайн режимінде бюджеттік мониторинг жүргізу, бюджет процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және оған азаматтық қоғам институттарын тарту сияқты тиімді жүйелерді қолдануды дәстүрге айналдырған дұрыс деп есептейміз.

Құрметті әріптестер! Тұтастай алғанда, нақтыланған республикалық бюджеттің жобасы Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес және елдің макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң жобасын қарау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Баяндалғандарды ескере келе, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді заң жобаларын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобаларының негізгі мақсаты еліміздегі экономикалық-әлеуметтік жаңғыртуға қатысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау және республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ете отырып айқындалған бірқатар міндеттерді атқару болып табылады. Осы ретте республикалық бюджеттің шығыстары 2,7 триллион теңгеге ұлғаю арқылы жалпы шығындардың көлемі 18,8 триллион теңгені құрап отыр. Сонымен қатар экономиканың нақты секторына 1,3 триллион теңге қосымша қаржының бөлінуі өңірлердің ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы салаларының қарқынды дамуына оң серпін беріп, азаматтардың табысын, өмір сапасын арттыруға септігін тигізеді деп есептеймін.

Президенттің тапсырмасына сәйкес 2021 жылы қабылданған «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заңды іске асыру мақсатында заң жобасында қосымша 383,7 миллион теңге бөлу ұсынылған.

Қарастырылып отырған қаржы есебінен еліміздің барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларында ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап адам құқықтары жөніндегі өкілдіктердің ашылуы және ұлттық орталықтың аппаратын күшейту көзделген. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге және уәкілдің өңірлік өкілдіктерінің ел аумағында қызметінің тиімділігін арттыру үшін өте маңызды.

Сонымен бірге Сенат комитетінде заң жобасын мемлекеттік органдармен бірлесіп қарау барысында бірқатар сауалдар туындады. Соның бірі – 2016 жылғы қабылданған «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның қолданысқа енгізу мерзімі 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін кейінге қалдырылған болатын, алайда бұл

жобаға 3,9 миллиард теңгенің қосымша қажеттілігі аталған заңның көрсетілген мерзімде іске асуына күмән келтіреді.

Аталған заң нормаларымен азаматтарымыздың жеке құжаттандырылуы, көші-қон процесі, шетелдіктерге виза мен еңбек мигранттарына рұқсат беру, қылмыстық істерге қатысты күдікті болғандарды дактиласкопиялық сәйкестендіру тәсілімен анықтау және тағы басқа қызметтерді енгізу арқылы осы саланы жетілдіру көзделгеніне назар аударамын.

Келесі мәселе мемлекеттік және құқық қорғау органдарының террористік тұрғыдан осал нысандар тізбесіне енгізілген кейбір ғимараттарын талаптарға сәйкестендіру үшін қаражаттың толыққанды қаралмауына байланысты. Елде болған қаңтар оқиғалары кезінде аталған органдардың қызметкерлері мен ғимараттарына орасан зардап-залалдар келтірілгені белгілі. Сондықтан жалпы осындай санаттағы нысандарды террористік тұрғыдан қауіпсіздендіру уақыт күттірмейтін мәселе екені айқын.

Осындай байланысты алдағы уақытта бюджет шығыстарын жоспарлау мен нақтылау барысында құзырлы мемлекеттік органдардың тарапынан бағдарламалардың басымдылығы, маңыздылығы, бюджет шығындарының тиімділігі мен уақытылы іске асырылуына мән берілсе деген ұсынысым бар.

Жалпы алғанда қаралып отырған заң жобаларын қабылдау елімізде оң өзгерістер мен қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, баяндалғандарды ескере отырып, заң жобаларын қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович, уважаемые депутаты! Рассматривая проект бюджета, направленный на реализацию поручений Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, необходимо подчеркнуть особую актуальность обеспечения продовольственной безопасности страны.

От создания высокотехнологичного агропромышленного комплекса, восстановления и повышения плодородия земель и их рационального использования, от повышения эффективности государственной поддержки сельхозтоваропроизводителей зависит стратегически важный сектор экономики.

Негативный эффект экономических санкций в отношении Российской Федерации со значительными последствиями для различных государств и, в частности, для нашей страны оказал влияние на макроэкономические показатели и финансовые рынки. Имея очень тесные экономические связи с Украиной и Россией, Казахстан подвергается особому риску дефицита и перебоев в поставках, аграриям недостаточно

объема отечественных семян для посевной, а из-за роста цен поставка уже оплаченных семян по прежней стоимости практически невозможна. Цены на удобрения резко выросли, а в последствии их дефицит может оказать серьезное влияние на сокращение объемов производства и снижение качества растений.

Имеет место и задержка поставок сельхозтехники и комплектующих. В итоге весь этот процесс скажется на снижении инвестиционной привлекательности отечественного сельхозпроизводства, конкурентоспособности продукции, приведет к недостаточному уровню развития инфраструктуры внутреннего продовольственного рынка.

Полагаю необходимым:

пересмотреть подходы государственной поддержки агропромышленного комплекса;

проработать вопрос выделения дополнительных средств на субсидирование АПК, необходимых для возмещения потерь сельхозпроизводителей от повышения цен на товарно-материальные ресурсы;

внести изменения в инвестиционные проекты по их стоимости и целесообразности;

предусмотреть возможность поддержки сельхозтоваропроизводителей дешевыми займами для оборотных и инвестиционных целей.

В свою очередь, внедрение нового механизма субсидирования требует глубокого анализа и широкого обсуждения с сельхозтоваропроизводителями с целью предотвращения неблагоприятного воздействия на отрасли животноводства и растениеводства, на изготовителей кормов и переработчиков.

При текущем уточнении бюджета объем финансирования Министерства сельского хозяйства возрос в 2,2 раза, с 257 миллиардов тенге до 555 миллиардов тенге.

На реализацию антикризисных мер по поддержке субъектов агропромышленного комплекса в части льготного и микрокредитования, на субсидирование ставок вознаграждения при кредитовании, а также лизинге на приобретение сельхозживотных, техники и технологического оборудования выделено 263 миллиарда тенге, на возмещение части расходов при инвестиционных вложениях – 115 миллиардов тенге, на субсидирование развития племенного животноводства, на развитие производства и реализацию продукции растениеводства – свыше 73 миллиардов тенге. В шесть раз увеличились расходы на субсидирование стоимости пестицидов и биоагентов.

Необходимо сказать о том, что за последние пять лет государство направило на поддержку аграриев более 2 триллионов тенге. При этом все мы знаем о фактах выявленных коррупционных схем в сфере субсидирования АПК. Должностные лица, работники подведомственных организаций Министерства сельского хозяйства через аффилированные организации выводили многомиллионные инвестсубсидии на строительство, приобретение оборудования и техники, на приобретение племенного маточного поголовья, занимались фальсификацией данных. В связи с чем

Правительству необходимо вести жесточайший контроль за расходованием средств, выделенных на реализацию антикризисных мер.

Важно понимать, что от устойчивого развития производства сельскохозяйственной продукции, достаточного для обеспечения продовольственной безопасности страны, зависит осуществление системы социально-экономических мер, направленных прежде всего на снижение уровня бедности и повышение качества жизни казахстанцев.

Уважаемые депутаты, данные проекты законов подготовлены в соответствии с Бюджетным кодексом, изменения и дополнения, внесенные в статьи законопроектов, направлены на качественные изменения подходов к реализации государственной политики, сохранение темпов экономического роста и обеспечение макроэкономической стабильности.

В связи с вышеизложенным прошу вас принять данные законопроекты. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, Үкімет мүшелері! Қаралып отырған заң жобаларын қолдаймын. Қосымша айтатын бір-екі мәселе бар.

Палата Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың бастамасымен Арал қаласында Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның екінші отырысы өтіп, онда Аралды қалпына келтіру және оның экожүйесін қорғау мәселелері талқыланды. Сапар барысында «Көкарал» бөгетінің жай-күйімен де таныстық.

Әрине, 1992 жылдан бері Арал проблемасына қатысты Орта Азия мемлекеттерінің үкіметтері тарапынан Аралды құтқару жөніндегі халықаралық ұйыммен бірлесіп біршама жобалар іске асырылды. Солардың бірі ретінде «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасының аясында салынған 13 шақырымнан асатын «Көкарал» бөгеті мен «Ақлақ» су торабы құрылысын айтуға болады. Алайда соңғы 10 жылдың көлемінде Арал проблемасы екінші орынға жылжып, құзырлы органдардың жұмысы бәсеңдеген сияқты.

Қайта Өзбекстан Республикасы жағынан Аралдың экологиялық жағдайын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғандығы көрініп тұр. Мысалы, осы күнге дейін Аралдың Өзбекстан бөлігінде 1 миллион 800 мың гектар жерге сексеуіл отырғызылған, көршілеріміз сексеуіл тұқымын ұшақ арқылы егу технологиясын меңгерген, одан бөлек теңіздің құрғаған аумағындағы тұздарды жоятын арнайы суспензия шығару ғылыми жобасын іске асыра бастаған. Ал Қазақстан тарапындағы егілген сексеуілдің көлемі бар-жоғы 337 мың гектар, әр жылға жоспарланған 250 мың гектарды ескерсек көршілеріміздің көрсеткішіне жету үшін бізге әлі 10 жыл керек.

Биылғы нақтыланған бюджетте де 420 миллион теңге ғана қаржы қаралған, яғни әр гектарына 2000 теңге ғана.

Екінші үлкен мәселе «Көкарал» бөгетіне қатысты. Мәулен Сағатханұлы айтқандай 2017 жылы бөгеттің оң жағажайын су шайып, бүгінде зақымданған бөлігі 200 метрден асып отыр. Бұл Кіші Аралға төнген тікелей үлкен қауіп деп айтуға болады. Балық шаруашылығына жарамды 19 көл мен жылына өндірілетін 7 мың 200 тонна балық пен балық өндірісіне деген төнген қауіп. Балық өндірісінің төңірегінде қаншама адам жұмыспен қамтылып, табыс тауып отыр.

Арада бес жыл өтсе де осындай стратегиялық маңызды нысанға шұғыл жөндеуге жататын апатты нысан ретінде үкіметтік резервтен қаржы бөлінбегені бізді таңғалдырады.

Бес жыл деген өте көп уақыт. Осы мерзімде дәл осындай төтенше жағдайда тұрған құрылыстың тиісті құжаттарының толық рәсімделмегені түсініксіз. Мамандардың сөзіне құзырлы орган неге құлақ аспаған?! Мәселе осында.

Арал бойынша атқарылар жұмыстар одан да көп. «Көкарал» су бөгетін биіктету, сол арқылы Кіші Аралдағы су деңгейін Балтика жүйесі бойынша 42 метрден 48 метрге дейін көтеруді, ал 50 метр деңгейде Сарышығанақ су бөгетінің құрылысын салуды тездету өте маңызды. Олардың қаржы көздерін анықтау да уақыт күттірмейтін мәселе.

Қазіргі уақытта Арал теңізіне құйылатын судың бір-ақ көзі бар. Ол – Сырдария өзені. Өкінішке қарай, әлемдік климаттық өзгеріске байланысты өзен бойындағы елдердің жауапсыз әрекеттерінің арқасында Сырдария өзенінің суы жылдан-жылға азайып және ластанып барады.

Мамандардың болжауы бойынша 2030 жылға дейін Сырдариядағы судың көлемі кемінде 8-10 пайызға азаюы мүмкін. Қазақстан Үкіметі Сырдария өзенінің арнасын реттеу жұмыстарын жалғастырып, өзен бойындағы шаруашылықтарға қолдау көрсетудің, өндірісті диверсификациялаудың, су үнемдеу технологияларын енгізудің, су арналары мен магистральдарын, каналдар мен арық-атыздарын тазарту, жөндеу, қайта жөндеудің нақты шараларын іске асыруы керек.

Өкінішке қарай, шетелдік займ арқылы Қызылорда, Түркістан облыстарында іске асырылып келген «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жөніндегі жобаның» мақсатты көрсеткіштерге жетпей жатып тоқтап қалғаны да түсініксіз.

Сырдария өзенінің суын дұрыс игеру жалғыз Қазақстанға ғана емес, Орта Азиядағы мемлекеттердің барлығына байланысты. Сондықтан өзеннің суын пайдалану және басқару бартерлік әдіспен емес, бассейндік, суббассейндік деңгейде интеграциялық принциппен жүргізілуі тиіс.

Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2022 жылға бюджетті нақтылау жобасында Әлеуметтік блок шығыстары 581 миллиард теңгеге артып, 8,6 триллион теңгені немесе республикалық бюджет шығыстарының 46 пайызын құрады.

Әлеуметтік саланы қаржыландырудың негізгі бағыттарын жоғарыда баяндамашылар толық атап өтті, дегенмен осы саладағы бірқатар өзекті мәселелерге тоқталуды жөн санаймыз.

Заң жобасында инфляцияға байланысты зейнетақы мен жәрдемақы, әлеуметтік төлемдерді 4 пайызға қосымша индексациялау жоспарланған. Біздің ойымызша бұлайша индексация жеткіліксіз. Себебі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше өткен жылдың наурызынан бері азық-түлік 15 пайызға қымбаттаған. Баға күн санап өсуде. Көріп отырғанымыздай, индексацияланған сумма әсіресе әлеуметтік осал санаттар үшін негізгі тауарлар өсімінің шығынын өтеуге мүмкіндік бермейді. Бұл өз кезегінде Үкіметтің халық табысының деңгейін арттыру бойынша ұсынып отырған шараларының тиімділігін төмендетеді. Бізге зейнетақылар мен жәрдемақыларды есептеу әдістерін бүгінгі әлеуметтік жағдайға сай өзгертетін уақыт жетті.

Заң жобасындағы шығыстар құрылымын талдай келе әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кейбір шығыстары сұрақтар туындатады. Мәселен, Қазақстанда базалық дәрілер мен медициналық бұйымдарды өндіруді ұлғайту бойынша Президент тапсырмасы баяу жүруде. Отандық фармацевтиканы қолдау арқылы біз импортқа тәуелділікті біршама азайтар едік. Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шығындарына қосымша 48 миллиардтан астам теңгеге шығындарды ұлғайтқан, тек валюта бағамы айырмашылығы үшін қосымша 20 миллиард теңге бөлінуде. Қаражатты негізінен импорттық дәрі-дәрмек сатып алуға бағыттау жоспарланған.

Сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму, Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктері кеңселерді жалға алу, форумдар, салтанатты жиналыстар, тәуелсіз сарапшылардың іс-сапары, имидждік іс-шаралар сияқты ағымдағы шығындарды шұғыл шараларға жатқызып, қаражат сұрап отыр. Өткен жылдың соңында бюджет бекітілгенде бұл шығындар нәтижесіз жоспарланбаған деген сұрақ туындайды.

Аталған министрліктер өз саласындағы кейбір шығындар бойынша тиімді бюджеттік жоспарлауды толық жүзеге асыра алмай отыр. Мәселен, Білім және ғылым министрлігінің тәуелсіз сарапшылардың іссапар шығыстарын төлеуге жарты миллиард теңгеден астам қаражат жұмсауы қаншалықты қажет? Бұдан басқа автономды ұйымдардың нысаналы салымдары және «Назарбаев Университеті» шығыстарын 19,8 миллиард теңгеге оңтайландыру ұсынылады. Өткен жылы 2022 жылға арналған республикалық бюджетті қабылдаған кезде министрлік өкілдері депутаттар корпусын бұл қаражатты бөлу аса қажет деп сендірген болатын. Енді небәрі төрт айдан астам уақытта шығыс жоспарын өзгерткен.

Жалпы бұған дейін де осы бағытқа үлкен көлемде қаражат қарастырылған болатын. Егер оларды жоспарлау мен игерудің сапасы бүгінгідей сын көтермейтін болса, мүмкін тексеру жүргізу керек болар.

Заң жобасында «Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасына 69 миллиард 323 миллион теңге көзделген. Биылдан бастап «Алғашқы жұмыс орны» мен «Күміс жас» жобасына қатысушыларға еңбекақыны 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекет төлейді. Биыл министрлік субсидиялау шарттарын қатаңдатты, алайда субсидияланатын жұмыс орындарына жолдама беру жұмыссыздық мәселесін түпкілікті шешпеуде. Жұмыс берушіге субсидиялау мерзімі аяқталған соң жұмысшыны тұрақты жұмыспен қамтуы тиіс деген талаптың орындалуына күмән көп. Ертең осы тұста еңбек дауы көбеймесіне кім кепіл деген сауалдар да жоқ емес.

Тағы бір мәселе, Мемлекет басшысының балалардың спорттық және шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше назар аудару туралы тапсырмасының орындалуына қатысты. Мемлекеттік тапсырыс арқылы берілетін тегін үйірмелермен еліміздегі орта мектептерде оқитын 3,5 миллионнан астам баланың тек 9,8 пайызы қамтылған. Ауылдық елді мекендерде үйірмелер ашуды ұйымдастыру деңгейі сын көтермейді. Жергілікті әкімдіктер жеткілікті деңгейде қаражат бөлу мәселесін жолға қоймаған. Мәселен, бүгінгі күнге мемлекеттік тапсырыспен спорт және шығармашылық үйірмелеріне қажетті қаражаттың 33-38 пайызы ғана қамтылған. Сондай-ақ Президенттің мемлекет бюджеті есебінен кәсіби спорт клубтарын толықтай қамтамасыз етудің қажеті жоқ деген тапсырмасының орындалуында да олқылықтар бар. Мысалы, облыстар үстіміздегі жылы спортты дамытуға жергілікті бюджеттер арқылы 210 миллиард теңге жоспарлаған, оның 38 пайызы кәсіби спорт клубтарын қаржыландыру үшін бөлінген. Сонымен бірге мемлекеттік тапсырысты орналастырудың нормалық-құқықтық актілерінде және оны әкімшілендіруге арналған ақпараттық жүйе жұмысында оларды мемлекеттік органдар жүйесімен интеграциялауда толық шешімін таппаған мәселелер бар. Осы ретте Үкімет жергілікті атқарушы органдар тарапынан тегін үйірмелердің аясын кеңейту және мемлекеттік тапсырысты орналастырудың іске асыру механизмдерін пысықтап, жетілдіруі қажет.

Жоғарыдағы баяндалғанға сәйкес Үкімет көтеріліп отырған өзекті мәселелерді қатаң және әрі тұрақты бақылауда ұстап, жүйелі шаралар мен тиісті шешімдер қабылдайды деп сенеміз.

Тұтастай алғанда республикалық бюджетті нақтылау барысында әлеуметтік басымдылық сақталған.

Заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, құрметті Үкімет мүшелері! Рассматриваемые законопроекты важны и актуальны. Вызваны они не только насущными мерами реализации январских поручений и задач, вытекающих из Послания Главы государства, но в немалой степени и необходимыми инструментами по противостоянию негативным последствиям воздействия известных внешних факторов на экономику страны.

Как показывает анализ, в бюджет 2022 года внесены необходимые корректировки, заложены дополнительные средства на финансирование расходов центральных и местных государственных органов для выполнения поручений Главы государства.

Перманентно, с учетом того факта, что внешние воздействия носят характер волатильности как минимум на среднесрочную перспективу, адекватные изменения и дополнения, скорее всего, будут вноситься и в бюджет на 2023 и 2024 годы.

Безусловно, затруднительно оценить достаточность этих изменений и дополнений для решения всех поставленных задач. Дело в том, что ключевые ведомства, ответственные за формирование бюджета, как показывает опыт многократных изменений бюджетов предыдущих лет, недостаточно используют эффективные научно-методические инструменты оценки сбалансированности целей и ресурсов. В частности, в какой-то мере это подтверждается такой позицией доходов бюджета 2022, как «уточнение расчетов» на сумму 181,75 миллиарда тенге. Можно понять, что речь идет именно об устранении ошибочных оценок на предыдущих этапах формирования бюджета.

Все это не в малой степени выливается в процесс использования Национального фонда. Вот и в этом законопроекте на 2022 год трансферт увеличен почти в два раза, с 2,4 до 4,03 триллиона тенге, на 2023 и 2024 годы остается на запланированном уровне по 2,2 и 2,0 триллиона тенге соответственно. Вместе с тем нет гарантий, что они не будут пересмотрены в сторону существенного роста в будущие годы.

В этой связи не может не вызвать удивление заключение Министерства национальной экономики по оценке социально-экономических последствий законопроекта. Цитирую дословно: «Экономические последствия принятия законопроекта характеризуются положительно, поскольку анализ выделения гарантированного трансферта из Национального фонда показывает, что в 2021 году за счет гарантированного трансферта было профинансировано 17,6 процента расходов республиканского бюджета».

Другими словами, трансферт из Национального фонда воспринимается в качестве едва ли не главного инструмента решения бюджетных проблем. Это несколько снижает внимание к основным производственным факторам развития экономики и не мотивирует к системному подходу к задачам анализа и прогнозирования.

Так, объем трансфертов из республиканского бюджета, выделяемых регионам, имеет устойчивую тенденцию к росту, за пять лет – более чем в 1,8 раза. Однако, несмотря на значительные объемы финансовой поддержки центра, сохраняются диспропорции в экономическом развитии регионов. Разрыв по ВРП на душу населения

зафиксирован более чем в 10 раз. Полагаем, это следствие не совсем эффективных предпринимаемых мер по их выравниванию.

К сожалению, рекомендации Счетного комитета по кардинальному изменению методологических подходов в регулировании межбюджетных отношений на протяжении последних лет остаются без внимания.

В этой связи возникает вопрос: планируется ли пересмотреть и доработать структуру государственного бюджета в ближайшей перспективе?

Важным источником пополнения государственного бюджета является сокращение размера теневой экономики, особенно в сфере внешнеэкономической деятельности. Ведь именно налоговые и таможенные поступления являются основной статьей дохода в республиканском бюджете.

Несмотря на дополнительное направление средств на реальный сектор в сумме 1,3 триллиона тенге, в бюджете общие расходы на реальный сектор экономики составляют в объеме 3,4 триллиона тенге, или 17,9 процента ко всем расходам. Поэтому трудно представить, как будут создаваться рабочие места, решаться проблемы занятости населения и увеличения доходной части бюджета.

Уважаемые депутаты! В целом считаем, несмотря на высказанные замечания, Правительство проделало большую работу. Надеемся, что они будут учтены в будущем. Прошу вас поддержать данные законопроекты. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет.

Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер, Үкімет мүшелері! Бүгін Сенат қабырғасында талқыға түсіп отырған еліміздің ағымдағы жылы экономикалық-әлеуметтік дамуын анықтайтын заң жобасы әлемдік гоесаяси жағдайдың құбылмалы болуына байланысты қалыптасқан өте күрделі экономикалық жағдай кезінде қабылданғалы отыр. Біз бюджеттің кіріс бөлігін толықтырудағы қиындықтарға қарамастан, республикалық бюджетті нақтылау жобасында Үкіметтің ең маңызды бағыттарды қаржыландыру мүмкіндігін іздестіргенін көріп отырмыз. Мысалы, бюджеттің шығыс бөлігінің 46 пайызы әлеуметтік салаға жіберіліп отыр. Сондықтан бұл бюджетті әлеуметтік бюджет деп атауға толық болады.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмалары бойынша Қорғаныс министрлігіне қосымша 56,8 миллиард, Төтенше жағдайлар министрлігіне 92 миллиард Ұлттық қауіпсіздік комитетіне 79 миллиард теңге қаржы бөліну жоспарланған. Бұл қолдау еліміздің қорғаныс және қауіпсіздік салаларының жауынгерлік әзірлігі мен жабдықталуын арттыруға әсер етеді деп есептеймін.

Үкімет былтырғы жылдан бастап мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне көшті. Алайда жүйені жаңартқанымызбен мәселелердің барлығы ескі күйінде қалып қоюда. Мысалы, «нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту» 068 бағдарламасы бойынша

косымша 56 миллиард теңге бөлініп отыр. Соңғы он жыл ішінде жұмыспен қамту бағдарламасына 1 триллион теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Алайда жұмыспен қамтуға бағытталатын бюджет қаражаты жыл сайын артқанымен нәтиже аз, жұмыссыздар қатары азаятын емес. Таяу арада еліміздегі кәсіптік-орта арнаулы және жоғары оқу орындарын бітіретін 300 мыңға жуық жастар еңбек нарығына шығады, ал нарық қажеттілігі небәрі 190 мың адам ғана. Бұл үлкен мәселе. Жұмыс орындарын көбейтпей бұл мәселені шешу мүмкін емес. Тағы бір мысал, Білім және ғылым министрлігі биылғы жылы жоғары оқу орындарына түсуге арналған грантты 75 мыңға дейін көбейтті. Өте жақсы, құптаймыз. Бірақ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2021 жылы жоғары оқу орнын бітіргендердің 60 пайызы әртүрлі жұмысқа орналасқан, алайда олардың көбісі алған мамандығына сай жұмыс істемейді. Миллиардтаған мемлекет қаржысымен оқығандар мемлекет алдында жауапты емес, себебі тиісті министрліктердің ешқайсысы да кадр қажеттілігін терең талдаумен айналыспайды.

Қазіргі кезде нарықтағы қалыптасқан күрделі жағдайды шешу үшін бюджеттегі тапшылықты барынша азайту арқылы нақты секторға көңіл бөлу керек. Үкімет бұл бағытты шындап қолға алса бюджеттегі тапшылық қана емес, импортқа тәуелділік, қымбатшылық, жұмыссыздық сияқты проблемалар шешілетіні белгілі. Біз әлі күнге дейін экономикалық проблеманы әлеуметтік көмекпен шешуге үйреніп, халықты да соған үйретіп жатырмыз. Көпшілік кәсіп жасап, егін егіп, мал басын көбейтуді емес, айлықтың көбеюін күтіп, жалақыдан жалақыға өмір сүруге дағдыланып барады. Азық-түлік бағасын қымбаттатпау үшін Үкімет 5 жылға 4,5 триллион теңге бөлді. Бұл қаржыны әкімдіктер мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне қатысты мекемелер игереді. Бұл қаржы бағаны жарты жыл ұстап тұруға жетуі мүмкін. Егер осы қаржы шағын орта бизнес арқылы грант ретінде бөлінсе, бизнестің тамырына қан жүгірер еді. Өндіріс жоқ болғандықтан қаржы өзгенің нарығын бүтіндеуге кетеді. Сондықтан да бізде алдағы он жылдықтарда жағдайды жақсартатын ұзақ мерзімді емес, бүгінгі күні жұмыссызға жұмыс көзін тауып беретін, нақтылыққа бейімделген стратегиялық жоспарлар керек деп есептеймін.

Өңірлерді дамытуға қосымша 476 миллиард теңге, оның 271 миллиарды, яғни 57 пайызы батыс және оңтүстік өңірлерге бөлінген. Әрине, бұл қаржы осы өңірлердегі инфрақұрылымдарды дамытуға барынша қажет. Осы ретте Алашорданың басты ордаларының бірі болған, қазір жетімнің күйін кешіп жатқан, жолдарының тоз-тозы шыққан Торғай өңіріне қаржы бөлінбегені өкінішті-ақ.

Бюджеттің профициті дегенді соңғы рет 2006 жылы ғана көрдік. Содан бері бюджеттің табысынан шығыны көп. Мысалы, 2019 жылы бюджет тапшылығы 1,3 триллион, 2020 жылы 2,2 триллион, 2021 жылы 2,6 триллион, ал 2022 жылы 2,7 триллионға жуық болып отыр, яғни тапшылықтың кері сальдосын көріп келе жатырмыз.

2022 жылы республикалық бюджет шығыстары 23,6 пайызға өсіп, оның 37 пайызы Ұлттық қордың трансфертері және бюджет тапшылығынан ұлғайту есебінен қамтамасыз етілген.

Үкіметтің Ұлттық қордан басқа алатын резерві жоқ. Осы жалғыз қоржыннан бюджетке алынатын трансферт сомасы 4 миллион теңгеге ұлғайды. Республикалық бюджет тапшылығы Ұлттық қордан алынса, қалғанын Қаржы министрлігі мемлекеттік құнды қағаздарды сатып, жамауы тиіс. Бірақ мемлекеттік құнды қағаз биржада қазір сатылмай жатыр. Бұдан шығар жол, не сырттан қарыз алуды ұлғайту, не болмаса мемлекеттік құнды қағаздардың жылдық ставкасын кем дегенде 15 пайыз етіп көбейту керек. Үкімет үшін екеуі де ауыр жүк.

Әріптестерім айтқандай, Ұлттық қорға қол сала берген болашақ ұрпақтың мүмкіндігін шектейді. Сондықтан да Үкіметтің «көрпеге қарай көсілуді» ұмытпағаны жөн санаймын.

Құрметті әріптестер! Үкімет ұсынып отырған бюджетті нақтылау ел экономикасының дамуына, өңірлердің инфрақұрылымын одан әрі жақсартуға, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп үміттенеміз. Осындай күрделі кезеңде Үкімет мүшелерінің жұмыстарына табыс тілей отырып, заң жобасын қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді әр заң жобасы бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Біз бүгін 2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтыладық. Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы заңды да қарап, қабылдадық.

Қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық ахуалдың күрделі екенін бәріміз көріп отырмыз. Әлем коронавирус індетінен кейін әлі толық қалпына келген жоқ. Осы тұста санкциялық текетірес пен геосаяси ахуалдың шиеленісуі жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді деп айтуға толық негіз бар. «Қасіретті қаңтар» оқиғасы да еліміз үшін ауыр сынақ болды.

Қазір әлем бойынша экономикалық өсімнің төмендеуі болжанып отыр. Шикізат бағасы өсті, бірақ сонымен бірге инфляция да арта түсті. Логистикаға қатысты проблемалар да өзекті болып тұр. Мұның бәрі Қазақстанның экономикасына, сондай-ақ республикалық бюджетке айтарлықтай зардабын тигізуде.

Осыған орай мемлекет экономикамызды қорғау үшін қажетті шараларды қабылдады. Бүгін бюджетке енгізілген түзетулер Мемлекет басшысының тиісті тапсырмаларын іске асыруға бағытталып отыр.

Президенттің реформаларының басты мақсаты – экономиканың өсіміне, ұлттық байлықтың әділ бөлінуіне және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыруға қажетті жағдай қалыптастыру.

Қазір мемлекетіміз күрделі экономикалық жағдайға қарамастан өзінің әлеуметтік міндеттемелерін толығымен орындап отыр. Шамамен биылғы бюджеттің жартысы әлеуметтік салаға жұмсалады. Бүгін қабылданған түзетулердің нәтижесінде сәуір айынан бастап зейнетақы мен әлеуметтік төлемдер қосымша 4 пайызға артады. Бұл 4 миллионнан астам адамға игі әсерін тигізеді. Жалпы алғанда, зейнетақының орташа мөлшері өткен жылмен салыстырғанда 11 пайызға өсетін болады.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасы бойынша кешенді жоспарды іске асыру үшін 197 миллиард теңге бөлінеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын іске асыруға 238 миллиард теңге қарастырылды. Экономиканың нақты секторын қаржыландыру көлемі де айтарлықтай ұлғаяды.

Жалпы осы шаралардың бәрі экономикамызды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға жол ашады деп сенеміз.

Құрметті әріптестер! Қазіргі таңда бәріміз Жаңа Қазақстанды құруға белсенді кірісіп жатырмыз. Бұл жолда барлық салада жаңа қадам, тың көзқарас қажет екені анық. Соның ішінде республикалық бюджетті қалыптастыруда да жаңа тәсілдер керек деп есептейміз.

Президентіміз айтқандай, Жаңа Қазақстан дегеніміз ең алдымен әділетті Қазақстан. Сол себепті бюджетті қалыптастыру ашық, әділ, тиімді жүргізілуге тиіс. Бұл – халықтың талабы және Мемлекет басшысының бізге жүктеп отырған басты міндеті.

Осы ретте бөлінетін қаржының және жоспарланған жұмыстың нақты нәтиже беруі маңызды. Республикалық бюджеттің әр теңгесі орнымен бөлініп, тиімді жұмсалуды қажет. Ұлттық қордың да қаржысын дұрыс пайдаланған жөн. Оны бүгін айттық.

Бюджет дефицитін сырттан қарыз алып, қаржыландыру мәселесін де қайта пысықтаған абзал. Қарызды көбейте бермей, бар қаражатты дұрыс пайдаланайық. Сондықтан бюджетті қараған кезде нәтиже бермейтін науқандық шараларды қаржыландыруға жол берілмеуі керек. Бұл мәселені депутаттар бақылауда ұстайтын болады.

Қазір бүкіл әлем тығырыққа тіреліп тұр десек артық бола қоймас. Мұндай сәтте қаржыны оңды-солды шаша бермей, республикалық бюджеттің тиімділігін арттыруымыз қажет. Үкімет мүшелерінің, басқа да лауазымды тұлғалардың алдағы уақытта осы мәселелерді ескерулерін сұраймыз.

Құрметті әріптестер! Біз бүгін ауқымды заңдарды қарап, қабылдадық. Осы ретте Үкімет басшылығы мен мүшелеріне, Ұлттық Банктің, ұлттық холдингтердің басшыларына отырысқа белсенді қатысқандары үшін алғысымызды білдіреміз.

Бүгін Сенат қабылдаған заңдар тиісті тәртіпке сәйкес әрі қарай Мемлекет басшысына жіберіледі.

Алдағы уақытта да Палата депутаттары Үкіметке қажетті қолдау көрсетуге дайын екенін тағы атап өткім келеді. Біз Президентіміз белгілеп берген мақсат-міндеттерді сапалы орындау үшін өздеріңізбен бірлесіп, нәтижелі жұмыс істей береміз деп сенеміз. Осы жолда жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз! Баршаңызға рақмет.

Ералы Лұқпанұлының микрофонын қосыңыздар.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Бүгінгі Үкіметтің ұсынған нақты ұсыныстарының бәрін қолдағандарыңызға үлкен рақметімізді айтамыз. Бұл шешімдердің бәрі нақты секторды, өңдеу өндірісін, орта және шағын бизнесті дамытуға, түптеп келгенде Қасым-Жомарт Кемелұлының қойып отырған нақты тапсырмасы – халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталатыны сөзсіз. Айтылған біраз ұсыныстар мен кемшіліктерді ары қарай бірге қарастыруға толықтай дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Осымен күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сауалдар жоқ. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 5 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Ж.Ә. Жөргенбаевтың ант беруі туралы

О принесении присяги депутатом Сената Парламента Республики Казахстан Жоргенбаевым Ж.А.

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 1

Сенат депутаты Ж.Ә. Жөргенбаевты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы

Об избрании депутата Сената Жоргенбаева Ж.А. в состав постоянного комитета Сената Парламента Республики Казахстан 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде

О проекте Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнения в Конституционный закон Республики Казахстан «О республиканском референдуме», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам СУЛЕЙМЕН Л.Ж. 2

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген

трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменения в Закон Республики Казахстан «О гарантированном трансферте из Национального фонда на 2022 – 2024 годы», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2022 – 2024 годы», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
КУАНТЫРОВА А.С. 5

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі
Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан
ЖАМАУБАЕВА Е.К. 7

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасы Ғ.О. ПИРМАТОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Национального Банка Республики Казахстан
ПИРМАТОВА Г.О. 8

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАНИЕВ Б.Н. 10

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 11

ТОҒЖАНОВ Е.Л. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан 12

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 13

СҮЛТАНОВ Б.Т. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі, Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан – Министр торговли и интеграции 14

ҚАЛТАЕВА Л.М. 15

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан 16

ҚҰРТАЕВ Ә.С. 17

РЫСБЕКОВА Л.Т. 20

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан 21


КАРПЛЮК С.А.	22
ТОҒЖАНОВ Е.Л.	22
МӘКЕЖАНОВ С.А.	23
ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С.	26
ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан	27
ӨСКЕНБАЕВ Қ.А.	27
ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т.	28
АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, Министр образования и науки Республики Казахстан	28
НҰРСИПАТОВ Н.Н.	29
БРЕКЕШЕВ С.А. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан	30
ШЕЛПЕКОВ Б.А.	31
БРЕКЕШЕВ С.А.	32
Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.Ө. ТРҰМОВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету ТРУМОВА С.У.	33
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
БЕКНАЗАРОВ Н.Қ.	36
БУЛАВКИНА О.А.	37
БЕКТАЕВ Ә.Ә.	39
ҚАПБАРОВА А.Ж.	41
МАМЫТБЕКОВ Е.Қ.	42
БАҚТИЯРҰЛЫ М.	44
ТОҒЖАНОВ Е.Л.	48

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева